

**ОРТА БІЛІМ БЕРУ  
ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТЕҢСІЗДІК:**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРІН  
РЕФОРМАЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ТАЛДАМАСЫ



**ОРТА БІЛІМ БЕРУ  
ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТЕҢСІЗДІК:  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРІН  
РЕФОРМАЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ТАЛДАМАСЫ**

Автор осы зерттеуді қолдаған және көмек көрсеткен барлық адамдарға алғыс білдіреді. ШЖМ-нің өзекті мәселелерін зерттеу бастамасын белсенді құптаған, сауалнамаларға қатысуға ықыласпен келіскен, шағын жинақты ауыл мектептерінің мұғалімдеріне, оқу ісінің меңгерушілері мен директорларына жеке ілтипатымды жеткіземін. Ақпараттық қолдау көрсеткені үшін И. Ф. Павлов атындағы орта мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі А. Е. Сарбаеваға және Ы. Алтынсарин атындағы ҰҒА ШЖМ дамыту орталығының директоры Г. С. Құдайбергенге алғыс білдіремін. Каликова Сәуле Аманжоловнаға сарапшылық және әдіснамалық көмек көрсеткені үшін ризашылық танытамын. Сорос-Қазақстан қорына және жеке Бота Аязбаева мен Ирина Курбановаға айтар алғысым шексіз.



Жоба Сорос-Қазақстан қорының қаржылық қолдауымен дайындалды. Жарияланым мазмұнында автордың көзқарасы көрініс тапқан, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Жариялымдағы мәліметтер, фактілер мен қорытындылар үшін жауапкершілік автордың еншісінде.

## МАЗМҰНЫ

Қысқартулар мен таңбалаулар .....	4
Кіріспе .....	5
<b>1. Қазақстандағы ШЖМ: жалпы сипаттамасы .....</b>	<b>8</b>
1.1 Жалпы мәліметтер .....	8
1.2 Орта білім сапасының проблемалары .....	10
1.3 Қаржыландыру мәселелері .....	13
1.4 ШЖМ мұғалімдерінің біліктілік сипаттамасы .....	16
1.5 ШЖМ-нің материалды-техникалық базасы .....	22
1.5.1 Ақпаратты-коммуникациялық технологиялармен жабдықтау .....	23
1.5.2 Кең жолақты интернетке қолжетімділік .....	26
<b>2. Мектептегі білім беруді жаңғырту: теңсіздікті жеңу векторы .....</b>	<b>28</b>
2.1 ШЖМ қызметін құқықтық сүйемелдеу .....	28
2.2 «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын іске асыру .....	31
2.3 ШЖМ-де оқу сапасын арттырудағы ресурстық орталықтардың ролі.....	36
2.4 ШЖМ жаңартылған білім мазмұнын енгізудің ерекшеліктері .....	42
2.5 Цифрландыру саясаты және қашықтықтан оқытудың заманауи мәселелері .....	46
2.5.1 Білім беруді цифрландырудың инфрақұрылымын қалыптастыру .....	46
2.5.2 COVID-19 пандемиясы жағдайындағы орта білім беру жүйесі .....	50
<b>3. ШЖМ-де білім беру сапасын арттыру бойынша келелі реформалар .....</b>	<b>57</b>
<b>4. Саясат опциялары мен нұсқалары.....</b>	<b>62</b>
Қорытындылар мен ұсыныстар.....	71
Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер .....	78

## Қысқартулар мен таңбалаулар

<b>АКТ</b>	– ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
<b>БЖБ</b>	– бөлім бойынша жиынтық бағалау
<b>БМЖС</b>	– білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары
<b>ЖІӨ</b>	– жалпы ішкі өнім
<b>ҚР БҒДМБ</b>	– Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
<b>ҚР БҒМ</b>	– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
<b>НЗМ</b>	– Назарбаев зияткерлік мектебі
<b>ОЖСБ</b>	– оқу жетістіктерін сырттай бағалау
<b>ПШО</b>	– педагогикалық шеберлік орталығы
<b>ТЖБ</b>	– тоқсан бойынша жиынтық бағалау
<b>ҰАО</b>	– Ұлттық ақпараттандыру орталығы
<b>ҰБА</b>	– Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
<b>ҰБАО</b>	– Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы
<b>ҰБТ</b>	– ұлттық бірыңғай тестілеу
<b>ЦБР</b>	– цифрлық білім беру ресурстары
<b>ШЖМ</b>	– шағын жинақты мектеп
<b>ЭЫДҰ</b>	– Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
<b>ICILS</b>	– International Computer and Information Literacy Study (Компьютерлік және ақпараттық сауаттылықты халықаралық зерттеу)
<b>PIAAC</b>	– Programme for the International Assessment of Adult Competences (Ересек тұрғындардың құзіретін бағалау бойынша Халықаралық бағдарлама)
<b>PISA</b>	– Programme for International Student Assessment (Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша Халықаралық бағдарлама)
<b>STEM</b>	– Science, Technology, Engineering and Math (Ғылым, Технология, Инжиниринг және Математика)
<b>TALIS</b>	– Teaching and Learning International Survey (Оқыту мен білім беруді халықаралық зерттеу)

## КІРІСПЕ

**Білім алуға мүмкіндік теңдігі** – әлемнің көптеген елдерінің білім жүйесі үшін негіз болып табылатын маңызды принциптердің бірі. Ол бізге, яғни Қазақстанға да ортақ. Аталған принциптің шынайылығына және жүзеге асыру қажеттілігіне күмәндану орынсыз. Дәл осы принциптен әлеуметтік әділеттілік идеясының іске асуы басталады. Білім беру көзі қоғам мен мемлекет дамуына ықпалдаса отырып, ел экономикасының драйвері-қозғаушысы болып табылады. **Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы** кез-келген адамның білім алу құқығын:

*«білім адамның тұлғалық толық дамуына және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметтің арттырылуына бағытталуы тиіс»<sup>1</sup>* деп жариялайды.

Бүгінде қазақстандықтар қоғамның барлық салаларындағы теңгерімсіз теңсіздіктің әлеуметтік шиеленістер мен жанжалдарға ұласуының куәгері болып отыр. Болашақ теңсіздіктің негізі орта білім беру жүйесінде қаланады. Білім сапасының алшақтығы мектеп түрлерінің бөлінісінде, негізінен қала мен ауыл мектептерінің арасындағы бөліністе жатыр. Сондықтан бұл мәселе, Президент **Қ-Ж. Тоқаевтың** Қазақстан халқына бірінші, сондай-ақ екінші жолдауында да назарға алынып, мектеп оқушылары үшін мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі шараларды әзірлеу қажеттілігі туралы баяндалды:

*«Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек... Осыған орай, мемлекет қарапайым мектептерге қолдау көрсетеді. Сонымен бірге бұл қадам қала мен ауыл арасындағы білім беру саласындағы алшақтықты қысқартуға жол ашады»<sup>2</sup>.*

Халықаралық салыстырмалы зерттеу және білім алушылардың білімін бағалау ұлттық жүйелерінің мәліметтері бойынша, ауылдық және қалалық мектептер арасындағы алшақтық өсуде. Қазақстан оқушыларының білім жетістіктерін ұлттық және халықаралық бағалау нәтижелерінің төмен болуы орта білім беруді элиталандыру курсына таңдауы, ауылдық ісі ақсаған мектептердің, шағын жинақты мектептердің (бұдан ары – ШЖМ) назардан тыс қалуы мен қаржыландырылмауы және тағы басқа түрлі факторлардың тікелей салдары болып табылады. Мұндай жағдайлар ауыл жастарының қоғамның орта тобына енуіне кедергі жасайды. Егер ауылдық білім берудің сапасы туралы мәселе шешілмесе, онда ауыл жастарының дамудан кенжелеп қалу қаупі бар, олар білім беру жүйесі үшін де, экономикалық жүйе үшін де проблемалар туғызатын болады. Өңірлік даму үшін маңызды индустриялық және агроөнеркәсіптік кешендерді сапалы кадр-мамандармен қамтамасыз ету мүмкін болмайды.

<sup>1</sup> Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. 10 желтоқсан 1948 ж. 26-бап // [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/declhr.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml)

<sup>2</sup> 2020 жылғы 1 қыркүйектегі мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g)

Соңғы уақыттарда бұқаралық ақпарат құралдары және академиялық ортада «цифрлық теңсіздік» ұғымы кең етек ала бастады. Пандемия жағдайында цифрлық технологиялар адам мен қоғам өмірінің барлық салаларында негізгі элементке айналды. Дүниежүзілік ұйымның Бас хатшысы **А. Гутерриш**, Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі жаңа технологиялардың роліне арналған БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзінде,

*«цифрлық алшақтық» «теңсіздіктің жаңа қыры» болуы мүмкіндігін, ал алшақтықты қысқарту қажеттілігі «өмір мен өлім» мәселесінде маңызды екендігін ескертті»<sup>3</sup>.*

**Мақсат** зерттеудегі ШЖМ-ға қатысты мемлекеттік саясатты және ШЖМ-дағы білім сапасын арттыруға, сол арқылы орта білім беру жүйесіндегі теңсіздікті қысқартуға бағытталған реформаларды кешенді зерделеу болып табылады.

#### Міндеттері:

1. Нормативтік-құқықтық базаны, Мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды, қалалық және ауылдық, оның ішінде шағын жинақты мектептер арасындағы теңсіздікті еңсеруге бағытталған негізгі іс-шараларды зерделеу (тарихи тәжірибе және заманауи ағымдар).
2. Халықаралық және Ұлттық рейтингтік агенттіктердің зерттеу нәтижелері бойынша ауылдық және қалалық мектептер арасындағы теңсіздіктің масштабы мен динамикасын айқындау.
3. Жаңартылған білім беру мазмұны, «Дипломмен – ауылға», «Ауыл – Ел бесігі», жан басына қаржыландыру, «мобильді мұғалім», «уақытша отбасы» сынды және тағы басқа жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға жол ашатын факторларды анықтау.
4. Ресурстық орталықтардың, магниттік мектептердің, педагогикалық шеберлік орталықтарының және басқаларының қызметтерін қарастыру, әрі олардың ШЖМ педагогтарына қандай әдістемелік, мазмұндық, әдіснамалық қолдау көрсететінін анықтау.
5. Цифрландыру саясатына, «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы мен «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асырудың алдын-ала қорытындыларына, сондай-ақ мәжбүрлі қашықтықтан оқыту жағдайындағы ауыл мектептерінің бүгінгі таңдағы проблемаларына талдау жасау.
6. ШЖМ-де сапалы білім беру процессін қамтамасыз ету үшін мектеп, ЖАО, ҚР БҒМ басшылары қолданысқа енгізе аларлық саяси-басқарушылық шешімдерді ұсыну.

Зерттеуде Қостанай және Қарағанды облыстарындағы ШЖМ-ға басты назар аударылады. Бұл аймақтарды таңдау ШЖМ және ресурстық орталықтардың (тірек мектептердің) көп санының осы аймақтарда шоғырлануына байланысты болып табылады. Қатарынан бірнеше ШЖМ-ға назар аудару, ШЖМ сапасын арттыруға бағытталған

<sup>3</sup> Сандық теңсіздікті қысқартпай, әлем тұрақты даму Мақсаттарына қол жеткізе алмайды // БҰҰ жаңалықтары, 11 маусым 2020 жыл // <https://news.un.org/ru/story/2020/06/1379942>



мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларды іске асыру кезінде мектептер бетпе-бет келетін қиындықтар мен кедергілердің себептерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің **эмпирикалық негізі** социологиялық зерттеулер, ШЖМ басшылығының, аудандық және облыстық білім басқармаларының, біліктілікті арттыру орталықтарының, өңірлік педагогикалық жоғары оқу орындарының, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ШЖМ даму орталығы өкілдерімен жүргізілген сараптамалық сұхбаттар болды. Жалпы 2019–2020 жылдары зерттеу бағытында 70-тен астам тереңдетілген интервью және 200-ден аса ШЖМ мұғалімдерінен сұхбат алынды.

Жұмыс барысында ақпаратты сараптаудың сапалық және сандық әдістері қолданылды.

**Сандық деректер** негізгі тенденцияларды, гипотезаларды тексеру және анықталған құбылыстарды әртүрлі деңгейдегі білім беру органдарының ресми статистикасында қолданылатын көрсеткіштер жүйесімен анықтау мақсатында сипаттамалық, статистикалық талдаудан өтті.

**Сапалық деректер** ШЖМ-дағы білім сапасын жақсартуды көздеп, ауыл мұғалімдеріне заман талабына сай жан-жақты ақпараттық-әдіснамалық көмек көрсетерлік ШЖМ-дағы оқу-тәрбие процессін реформалау және жаңғыртуды үйлестіру қызметі үшін басты субъектілердің, мүмкіндіктер мен мүдделердің ара-салмағын анықтау мақсатында жинақталған сауалнамалар мен сұхбаттардың қорытындылары есептік талдау техникасының көмегімен сарапталды.



## 1. Қазақстандағы ШЖМ: жалпы сипаттамасы

### 1.1 Жалпы мәліметтер

Қазақстанда республика халқының ең аз қоныстанған әрбір елді мекенінде мектептердің жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.


**Шағын жинақты мектептер – бұл параллельдік оқу сыныптары жоқ, оқушылар контингенті шағын және көбінесе бірнеше сынып оқушылары бір сынып-комплектілеріне біріктірілген мектептер.**

ШЖМ-нің айтарлықтай саны – ауылдық мектептер. ШЖМ басты ерекшеліктері – балалардың санында: бастауыш мектептердегі оқушылар саны 5 пен 40 адам арасында, негізгі – 41 мен 80 адам арасында, орта – 81 мен 180 арасындағы адамды құрайды<sup>4</sup>. Мұндай типтегі мектептердің болуы – қазақстандық білім беру инфрақұрылымының ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің санымен салыстырғанда ШЖМ үлесі соңғы жылдары айтарлықтай өзгерген: 1992 жылғы 45% көрсеткіштен, 2007 жылы 57% дейін өскен болса, 2016 жылға қарай керісінше 43% азайған<sup>5</sup>.

2019–2020 оқу жылы 7340 мектеп жұмыс жасаса, оның 5225 ауылдық мектептер болып табылады, ал оның ішіндегі 2833 шағын жабдықты мектептер, яғни еліміздегі барлық мектептердің жалпы санының 39% ШЖМ құрайды. 2833 ШЖМ-нің ішінде – 548 бастауыш мектептер, негізгі орта – 805 және жалпы білім беретін – 1480 мектептер бар. ШЖМ өзгеріс динамикасына назар аударатын отырып, оның ХХ ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап және 2000-ші жылдың басында біртіндеп өсумен болғанын байқауға болады. Ал 2010 жылдан бастап қысқара бастайды.

**Диаграмма 1.** Қазақстандағы ШЖМ-ның сандық динамикасы, 1995–2020 жж.<sup>6</sup>




<sup>4</sup> ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысы, ҚР БҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 Бұйрығы

<sup>5</sup> Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан, 2016 год. Составители: С. Ирсаилов, А. Култуманова, Э. Тулеков, Т. Булдыбаев, Г. Кусиденова, Б. Исаков, Л. Забара, Л. Барон, Е. Коротких. Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2017. – Б. 154.


<sup>6</sup> «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Нұр-Сұлтан, 2020. – Б. 68, 70.

Егер 1995 жылы Қазақстанда 3839 ШЖМ жұмыс жасаса, 2005 жылы – 4432 болды, ал бүгінгі таңда олардың саны – 2833 мектепке дейін азайған. Өткен жүзжылдықтың 90-шы жылдарындағы ШЖМ желісінің ұлғаюы, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлармен байланысты болды. 2010 жылдардан бастап ШЖМ санының күрт қысқарып кетуін урбанизация үрдістерімен, еліміздегі әлеуметтік-саяси ахуалмен түсіндіруге болады. ШЖМ негізінен бастауыш мектептерді жабу және қайта ұйымдастыру есебінен қысқартылды. Еліміздегі жалпы білім беру мектептерінде 3 млн. астам оқушы оқиды, оның ішінде ШЖМ – 5,9% (яғни 195 051 оқушы). ҚР барлық мұғалімдерінің 14,5% ШЖМ-де сабақ береді<sup>7</sup>. ШЖМ-нің басым көпшілігі Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстарында орналасқан.

**Диаграмма 2.** Мектептердің өңірлер бойынша бөлінуі<sup>8</sup>




**Қазақстан мектептері**



\* ШЖМ – шағын жинақты мектептер  
\* ТЖМ – толық жинақты мектептер


**Мектептерді оқыту тілдері бойынша бөлу**



<sup>7</sup> «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Нұр-Сұлтан, 2020. – Б. 69, 104 .

<sup>8</sup> Образование в цифрах // <https://www.facebook.com/eduproject.kz/photos/a.106837760768736/292655018853675/>

### Мектептері жоқ елді мекендерден қатынайтын балаларды бөлу



Назар аударарлық ерекше жағдай: мектептердің басым бөлігінің Қазақстанның оңтүстігінде (Түркістан және Алматы облыстарында) орналасуы болып табылады. Салыстыра қарағанда, Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы ауыл мектептеріне – толық жинақты мектептер тән, ал Қазақстанның солтүстік облыстарындағы ауыл мектептерінің көпшілігі – ШЖМ. Мысалы, Түркістан облысында 897 мектеп, бұл мектептердің 88% (792 мектеп) ауылда орналасқан, оның ішінде 83% (658 мектеп) толық жинақты мектептер. Солтүстік Қазақстан облысында 475 мектеп, оның ауылда орналасқаны – 418 мектеп (88%), солардың ішіндегі 76 мектеп (90%) – ШЖМ.

## 1.2 Орта білім сапасының проблемалары

Бүгінгі заманғы әрбір мемлекет білім беру саясатын, елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған басты стратегия ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда білім беру сапасы «мақсатқа сай сапа» ретінде басқа қырынан танылады, өйткені білім берудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің индикаторы-сапалық көрсеткіші болып табылады. Мысалы, ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2020 және 2020–2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламаларының мақсаттарын салыстыра отырып, белгілі-бір трансформацияны байқауға болады:

*«Білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың тұрақты өсуі үшін адами капиталды дамыту»<sup>9</sup> және*

*«Ел тұрғындарын қоғамда сұранысты дағдылар мен рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгерген жеке тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз ету»<sup>10</sup>.*

Егер салыстыру үшін әлдеқайда ұзағырақ уақыт кезеңін қарастыратын болсақ, онда білім сапасын пайымдау акценттерінің қалай ауысатынын анықтауға болады. Бұрын білім берудегі төменгі тиімділік, оқушылардың жоғарғы нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізе алмауы өз қабілеттерінің немесе мотивацияларының болмауы себептерімен түсіндірілді. Бүгінде педагогикалық оңтайлылық, ынталандыру алдыңғы орынға шығады, әр оқушының білім алудағы жеке векторын анықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасалады<sup>11</sup>.


<sup>9</sup> Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

<sup>10</sup> Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

<sup>11</sup> Пискунова Е. В. Подготовка учителя к обеспечению современного качества образования для всех: опыт России: Рекомендации по результатам научных исследований / Под ред. акад. Г. А. Бордовского. — СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2007. — Б. 12–13.

Бүгінгі таңда әрбір ұлттық білім беру жүйесі, білім сапасы дефинициясына әртүрлі түсініктеме беруде. Дегенмен, білім беру сапасы саласындағы халықаралық зерттеулердің нәтижелеріне, атап алғанда «Баршаға бірдей білім»<sup>12</sup> зерттеу бағдарламасына сүйене отырып, ЮНЕСКО білім беру сапасын сипаттауға және жетілдіруге болатын негізгі белгілерді нақтылайды:


**Диagramма 3.** Білім сапасы, оның өзіне тән белгілері



Сипаттау үшін ең жеңілі және талдау үшін маңызды болатын – жаһандық және жергілікті бағалау зерттеулерінде көрсетілген оқушылардың оқу нәтижелерінен бастап көрейік.

Бүгінгі таңда ауыл мектебіндегі білім сапасы, елдегі орташа деңгейден төмен. Оны халықаралық салыстырмалы зерттеулер (TALIS, PISA, ICILS) және білім алушылардың білімін бағалаудың ұлттық жүйелері (ҰБТ, ОЖСБ) куәландырып отыр. PISA-2015 оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі Халықаралық бағдарламасының нәтижелері бойынша ауылдық және қалалық мектептердің оқушылары келесі нәтижелерді көрсеткен:

**Диagramма 4.** Білім беру ұйымының аумақтық мәртебесі бойынша PISA-2015 нәтижелері



<sup>12</sup> UNESCO World Education Report, Education for All (UNESCO, 2000) // <https://en.unesco.org/gem-report/report-education-all-efa>


Кестелер қалалық және ауылдық білім беру ұйымдарына қарасты білім алушылардың көрсеткіштік нәтижелерінде, елеулі дифференциациялы айырмашылықтар барын байқатады. PISA-2015 нәтижелерінің көрсеткіштері, 19 баллдық айырмашылық білім беру ұйымының орналасқан жеріне қарай, ауылдық мектеп оқушыларының қалалық құрдастарынан жарты жылдан астам уақытқа артта қалатынын баяндайды<sup>13</sup>.

PISA-2018 нәтижелерінің көрсеткіштері қала мен ауылдың білім сапасындағы алшақтықтары 22 мен 37 балл (жаратылыстану – 31, математикалық сауаттылық – 22, оқу сауаттылығы – 37) аралығында екенін көрсетеді. Бұл ауылдық және қалалық мектеп оқушыларының арасындағы оқу жетістіктеріндегі айырмашылықтың артқандығын, әрі артта қалушылықтың 1 жылдық айырымға дейін жеткендігін мәлімдейді.

Халықаралық рейтингтердің нәтижелерін сапаны бағалаудың ұлттық жүйесі қуаттайды. 2016 жылы ШЖМ түлектерінің Ұлттық бірыңғай тестілеудегі орташа баллы (78,2 балл), бұл еліміз бойынша орташа балл (81,2) көрсеткішінен төмен. Былтырғы 2019 жылы да жағдай жақсармаған, өзгеріссіз қалған.

#### **Диаграмма 5.** ҰБТ-2019 нәтижелері: ауыл және қала мектептері түлектерінің жинаған балдары бойынша бөлінуі

ҰБТ-2019 нәтижелері бойынша түлектердің жинаған балдары бойынша бөлінуі (ауыл және қала мектептерінің түлектері)



Диаграммадан 2019 жылғы тестілеуден қала мектептері түлектерінің 20% астамы және ауыл мектептері түлектерінің 25% жуығы шекті деңгейден өте алмағандығын көруге болады. Ауыл мектептері түлектерінің 55% жуығы және қала мектептерінің 50% астамы 100 баллдан төмен жинақтаған. Қала мен ауыл мектептері түлектерінің 100 баллдан жоғары балл жинақтаушыларының айырмашылығы 8% көрсетеді<sup>14</sup>.

Оқу жетістіктерін сырттай бағалау қорытындысы бойынша ауылдық және қалалық білім алушылар арасындағы алшақтықтың жыл сайынғы ұлғаюын байқауға болады. Егер ауыл оқушылары 2012 жылы қалалық құрдастарынан 1,82 баллға артта қалса, 2018 жылы бұл айырмашылық 7,08 баллға жетті<sup>15</sup>.


<sup>13</sup> Нурбаев Ж. Е. Сельские школы – дискриминирует ли государство учеников? // <https://ekonomist.kz/nurbayev/selskie-shkoly-diskriminiрует/>

<sup>14</sup> 2019 жылғы ҰБТ статистикалық мәліметтері. Ұлттық тестілеу орталығы // [http://testcenter.kz/ru/stats/statisticheskie-dannye-ent/?arrFilter\\_pf%5BYEAR%5D=111&set\\_filter=Көрсету&set\\_filter=Y](http://testcenter.kz/ru/stats/statisticheskie-dannye-ent/?arrFilter_pf%5BYEAR%5D=111&set_filter=Көрсету&set_filter=Y)

<sup>15</sup> Ұлттық тестілеу орталығы. ОБ ОЖСБ статистикалық деректерін инфографикалық ұсыну // <https://testcenter.kz/ru/stats/voud-so/2018/>

## Диаграмма 6. ОЖСБ қорытындысы бойынша ауылдық және қалалық мектеп оқушыларының үлгерімі (2012–2018 жж.)

Ауылдық және қалалық мектептердегі 9 сынып оқушыларының үлгерім айырмашылығының инфографикалық көрінісі



Национальный центр тестирования // <https://testcenter.kz> - Ұлттық тестілеу орталығы // <https://testcenter.kz>

Ауылдық және қалалық мектептер арасындағы дифференциалды айырмашылық жылдан-жылға артып келеді деп түйіндеуге болады. Ауыл және қала оқушылары арасындағы білім нәтижесіндегі алшақтықтың ұлғаю себебі неде? Бұл күрделі сұраққа жауап беру үшін ШЖМ педагогтарының біліктілік сипаттамаларын талдаудан бастау қажет, одан кейін білім беру үрдісін басқару жүйесінің тиімділігін және ШЖМ ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығын қарастыру қажет.

### 1.3 Қаржыландыру мәселелері

PISA зерттеулері қаржыландыру мен білім беру сапасының өзара байланысына назар аудартады. 2019 жылы Қазақстанда білім беру шығындары өсті және пайыздық көрсеткішпен алғанда 19,4% жетті. Номиналды түрде шығындар көлемі 2,33 трлн теңгені құрады<sup>16</sup>. Білім беру шығындары бірнеше жыл қатарынан әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандырудан кейінгі ең жоғарғы мемлекеттік қаржыландыруға ие екінші сала болып келеді.


Тұрақты даму мақсатының 4-ші нәтижесіне қол жеткізу міндеттері аясында, БҰҰ-ның ұстанымы білім беруді қаржыландыруды ұлғайтуға және осы қажеттіліктерге ЖІӨ-ден кемінде 4–6% бөлуге бағытталған. Әлем елдері білім беруге ЖІӨ көлемінің орта есеппен 4,7% жұмсайды<sup>17</sup>. Дегенмен, Қазақстандағы білім беруге ЖІӨ-ден бөлінетін шығыстар әлі ұсынысты деңгейден төмен болып қалуда. 2019 жылы ол 3,62% болды, бұл бұған дейінгі екі жыл көрсеткіштерінен жоғары (2018 ж. 3,15% және 2017 ж. 3,39% болды). 2018 жылғы Дүниежүзілік банктің «Жаһандық экономикалық перспективалар: Күңгірт аспан» (Global Economic Prospects: Darkening Skies) баяндамасында Қазақстанның 2019–2021 жж.

<sup>16</sup> Аульбекова А. Расходы госбюджета Казахстана на образование бьют рекорды // [https://forbes.kz/process/education/zakaznoy\\_pirog\\_1588226252/](https://forbes.kz/process/education/zakaznoy_pirog_1588226252/)

<sup>17</sup> Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан, 2016 год. С. Ирсаилов, А. Құлтуманова, Э. Түлеков, Т. Булдыбаев, Г. Кусиденова, Б. Искаков, Л. Забара, Л. Барон, Е. Коротких – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2017. – Б. 24.

ЖІӨ өсу көрсеткіштерінің болжамдары келтірілген. ҚР 2019 ж. ЖІӨ өсу сценарийі нақты жағдайлармен сәйкес келеді және 3,5% құрады (ауытқу 0,1%), ал 2020 және 2021 жж. – 3,2% құрайды<sup>18</sup>. Неғұрлым толық көріністі ұсыну үшін Қазақстанның білім алуға жұмсалатын шығындарын елдің бүкіл тәуелсіздігі кезеңімен, тарихи тұрғыдан қарастырып көрейік:

**Диаграмма 7. ҚР білім беру шығындары**



ҚР тәуелсіздігі жылдарының ішінде білім беруге арналған шығыстар ЖІӨ-нің 3% төмен түспеді. Орта есеппен 1991 жылдан білімге құйылған инвестициялар ЖІӨ-нің 3,8% құрады. 2012 жылы Қазақстан ЭЫДҰ елдеріндегі қаржыландыруға және БҰҰ-ның ұсынысты ЖІӨ 4,5% ұстанымдарына жақын көрсеткіштерге таяп келеді. 1991 жылы ЖІӨ-де барлығы 85,8 млн теңге, көрсеткіш 6,4% тең болған еді.

Білім беру саласындағы қаржыландыру көлемінің ұлғаюы елдің ЖІӨ өсуіне пропорционалды болып келеді. Бұл ретте орта білім беруге арналған шығындар Қазақстан тәуелсіздігінің бүкіл кезеңі бойына мемлекеттік шығындар жүйесіне құйылған қаржының елеулі бөлігін қамтиды. 2012 жылы 1,9% және 2013–2015 жылдардағы 1,7% болған 4 жылдық кезеңді есепке алмағанда, соңғы 20 жылда орта білім беруге бөлінген инвестициялар тұрақты түрде ЖІӨ 2% құрады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқуға, техникалық және кәсіптік білім беруге, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге арналған қаржыландыру көлемі ЖІӨ 0,5% асқан емес<sup>19</sup>.

Орта білім беруге жұмсалатын шығыстарда тепе-теңдік қағидатын және мектептер арасындағы қаражатты бөлудің пропорционалдығын ескеру қажет. Алайда, ЭЫДҰ зерттеулері атап өткеніндей, Қазақстанда білім берудің элитарлығына назар аударылады, бұл әділдік және сапа көрсеткіштеріне қол жеткізуге кедергі келтіреді. Назарбаев Зияткерлік мектептері (бұдан ары – НЗМ) дарынды білім алушыларды қалай қабылдаса, дәл солай үздік

<sup>18</sup> Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2018 года) / М. Атанаева, М. Аманғазы, Г. Ногайбаева, А. Ахметжанова, М. Шакенова, Г. Карбаева, Ж. Джумабаева, Н. Касымбекова, М. Даулиев, Д. Абдрашева, А. Кусиденова. – Нұр-Сұлтан: МОН РК, АО «Информационно-аналитический центр», 2019. – Б. 40–41.

<sup>19</sup> Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан, 2016 год. – Астана: АО «ИАЦ», 2017. – Б. 26.



мұғалімдерді қабылдай отырып, жалпы білім беретін қарапайым мектептерге қарағанда үш есе жоғары қаржыландыру алатыны белгілі<sup>20</sup>.

Ауылдық ШЖМ-ды қаржыландыру туралы ақпараттардың қайшылықты тұстары кездеседі. «Қаржылық орталық» АҚ президенті А. И. Ибраимов сандық көрсеткіштерді алдыға тарта отырып, ШЖМ-да бір баланы қамтамасыз етуге 1 млн-нан 3 млн-ға дейінгі бюджет қаражаты жұмсалатындығын хабарлайды. Қалада бір баланы оқытудың өзіндік құны шамамен 200 мың теңге. *«Егер салыстыратын немесе ұқсастық іздестіретін болса, онда беделді жоғары оқу орындары КИМЭП және Қазақстан-британдық университеттері сияқты, бір студентке қаншалықты шығын есептелсе, ШЖМ-де дәл сондай»* – деп қорытындылайды Асқар Ибраимов<sup>21</sup>.

Зерттеулер көрсеткеніндей, ШЖМ-де бір оқушыға жұмсалатын нақты шығындар қаламен салыстырғанда, орташа есеппен 4 есе жоғары. Солтүстік Қазақстан облысының басшысы **Қ. Ақсақалов** кейбір шалғай ауылдарда бір баланы оқытуға 800 мың теңге, ал қалада – 250-300 мың теңге жұмсалатынын атап өтеді<sup>22</sup>. Мемлекет үшін ШЖМ қамтамасыз ету бірнеше себептер бойынша қымбатқа түседі. ШЖМ-де сыныптардың жинақталуы аз, ал штат пен оқытушылық құрам, қарапайым мектептегі сияқты. ШЖМ аудандық және облыстық орталықтардан жырақ орналасқан, көбіне оқушыларды жеткізіп салу қажеттілігі туындайды. Бүгінгі таңда интернаттар құрылысын көтеру, салу өткір мәселелер қатарында тұр.

2013 жылдың 1 қыркүйегінен бастап орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізу басталды. Аprobацияға еліміздің 5 өңіріндегі (Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстары) 63 пилоттық мектептер қатысты. 2017 жылдың 1 қаңтарынан қосымша астаналық 5 мектеп және Алматы қ. 5 мектеп қосылды<sup>23</sup>. Өткен 2019–2020 оқу жылдары аprobациядан 73 мектеп өтті. 2020–2021 оқу жылдары жан басына шаққандағы қаржыландыруды барлық ірі қалаларда – облыс орталықтарының мектептерінде енгізу жоспарланған. Бұдан ары қарай, ШЖМ және өзге мамандандырылған мектептерден басқа, республиканың барлық мектептерінде енгізілетін болады<sup>24</sup>.

Қаржыландырудың жаңа схемасы қаражатты мектептерді дамытуға бөлуге, бюджетті бөлудің ашықтығын арттыруға бағытталған. Білім беруге арналған шығыстар ҚР БЖҒМ-де анықталады және орталықтандырылып, жергілікті білім басқармалары арқылы тікелей мектептерге бөлінеді. Орта мектептердегі пилоттық жан басына шаққандағы қаржыландыруды сүйемелдеуді және мониторингілеуді «Қаржылық орталық» АҚ жүзеге асырады. 2018 жылы бағдарламаны іске асыруға 4,8 млрд теңгеден аса қаражат бөлінді, 2019

<sup>20</sup> Перспективы образовательной политики. Казахстан. ОБСЕ, 2018. – С. 25; Ашимбаев назвал получателей госзаданий на сумму более \$1 млрд в обход тендеров и конкурсов // [https://kaztag.kz/ru/news/ashimbaev-nazval-poluchateley-goszadaniy-na-summu-bolee-1-mlrd-v-obkhod-tenderov-i-konkursov?fbclid=IwAR2euFpn4b4zcvJawN\\_eiSTxF0dWSe6g7Zz9yahUxjNOoQpLI82DRJqdwG4](https://kaztag.kz/ru/news/ashimbaev-nazval-poluchateley-goszadaniy-na-summu-bolee-1-mlrd-v-obkhod-tenderov-i-konkursov?fbclid=IwAR2euFpn4b4zcvJawN_eiSTxF0dWSe6g7Zz9yahUxjNOoQpLI82DRJqdwG4)

<sup>21</sup> В фокусе развития сельских школ. Круглый стол // [https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=2397881283614676&id=100001784833433](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=2397881283614676&id=100001784833433)

<sup>22</sup> Школьники из отдаленных сел отдают во «временные семьи» на севере Казахстана // <https://ru.sputnik.kz/regions/20190603/10369139/shkolniki-sela-vremennye-semi-north-kazakhstan.html>

<sup>23</sup> Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2017–2018 учебном году: Инструктивно-методическое письмо. Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2017. – Б. 359–360.

<sup>24</sup> Перспективы образовательной политики. Казахстан. ОБСЕ, 2018. – Б. 26.

жылы оның көлемі 23 млрд теңге дейін ұлғайтылды, ал 2020 жылы 125 млрд 918 млн теңгеге жеткізу жоспарлануда<sup>25</sup>.

Жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативі ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылдың 30 қазанындағы бұйрығымен бекітілген Орта білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес бір оқу жылына есептеледі. Бір білім алушының оқу құнының мөлшері, білім беру бағдарламаларын іске асыру түрі, деңгейі мен орнына байланысты болады. 2019 жылы әрбір балаға орташа есеппен 224 мың теңгеден бөлінді.

Білім беруді қаржыландырудың үш негізгі көзі – мемлекет, донорлар және үй шаруашылықтары болып табылады. 2019 жылдың Білім мониторингі бойынша жыл сайынғы ЮНЕСКО баяндамасында, білім беруге бөлінген жалпы шығынның 79% – мемлекет үлесіне, 21% – үй шаруашылығына түсетіндігін атап өтті. Білім беруге жұмсалатын жалпы шығыстардың, табысы төмен елдердегі 12%-н және табысы орташадан төмен елдердегі 2%-н донорлар көтереді<sup>26</sup>.

Халықтың білім алуға жұмсайтын шығындары маңызды мәселе болып табылады. Олардың үлесі жалпы шығындардың есебінен азайып келеді. Егер 2012 ж. білім алуға шығатын шығыстың үлесі жалпы шығыстардың 3,88% құраса, 2018 ж. шығыстардың көлемі 2,76% дейін төмендеген. Халықтың білім алуға жұмсайтын шығындарының қысқаруы жағдайында, қала мен ауыл арасындағы білім беруге жұмсалатын шығындарындағы алшақтықтың күшеюін байқауға болады. 2012 жыл мен 2018 жылдар аралығында білім алуға ауыл тұрғындары қала тұрғындарына қарағанда екі есе аз шығынданған, аралық айырмашылық 2012 ж. 25,8% болса, 2018 ж. 46,2% дейін өскен.

Ауыл мен қала тұрғындары шығындарының сипатын зерттей отырып, ресми және бейресми білімге қол жеткізу мәселесіндегі аумақтық айырмашылықтарды анықтауға болады. Қала тұрғындары мектепке дейінгі білімге көп шығындалады (32,2%), ауыл тұрғындары қаражаттарын – жоғары білімге (26,2%) салады. Қала тұрғындарымен салыстырғанда ауылдықтар жол жүру (2 есе) және ересектерді оқыту үшін (7 есе) қаражатты көп жұмсайды. Ауылдың ересек тұрғындарының қосымша білімге деген жоғары сұранысы орынды. Сонымен қатар, қалалықтардың репетитор қызметіне жүгінуді ауылдық елді мекен тұрғындарының (1,8%) сұранысымен салыстырғанда, шамамен 5 есе (9,3%) жоғары<sup>27</sup>. Білім беру қызметтерінің нарығындағы сан салалы ұсыныстарға, бейресми білім түрлеріне қол жетімділік факторлары, қала тұрғындарының артықшылықты жағдайын көрсетеді. Бұл жағдайлар ауылдық және қалалық мектеп оқушыларының арасындағы академиялық жетістіктердің теңсіздігіне сөзсіз алып келетіні хақ.

#### 1.4 ШЖМ мұғалімдерінің біліктілік сипаттамасы

Көптеген зерттеулер тұжырымдап көрсеткеніндей, оқыту сапасы мен педагог кәсібилігі оқушылардың академиялық жетістіктерін айқындайтын ең маңызды факторлар болып табылады. Мұғалім білім алушылардың білімін, дағдылары мен іскерлігін дамыту және

<sup>25</sup> Султан А. Казахстан: решит ли подушевое финансирование проблемы школьного образования? // <https://cabar.asia/ru/kazakhstan-reshit-li-podushevoe-finansirovanie-problemy-shkolnogo-obrazovaniya/>

<sup>26</sup> ЮНЕСКО-ның 2019 жылғы білім беру мониторингі жөніндегі дүниежүзілік баяндамасының түйіндемесі // <https://www.gcedclearinghouse.org/sites/default/files/resources/190008rus.pdf>

<sup>27</sup> Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2018 года). – Нур-Султан: МОН РК, АО «ИАЦ», 2019. – Б. 42–43.

трансляциялау процессінде басты ұйытқы болып табылады. Британдық ғалым **Лоуренс Стенхауз** сөзімен берсек,

*«мектеп әлемін ішінен өзгерткен мұғалімдер, мектептің өзін де өзгерте алады»<sup>28</sup>.*

ШЖМ-де білім беру сапасына әсер ететін факторларды зерделеудің келесі қадамы педагог кадрлардың сандық және сапалық құрамын талдау болып табылады.

Елімізде барлығы 329 623 педагог қызметкерлер бар, олардың ішінде 59,3% немесе 195 306 мұғалім – ауылдық жерде тұрады. ШЖМ педагогикалық корпусының сандық және сапалық талдауы келесі жағдайды аңғартады, 2019–2020 оқу жылы ШЖМ-де 15% (49 407) педагог кадрлар қызмет атқарды. Олардың ішінде 40 254 адам (81,5%) жоғары білімге ие мамандар болса, оның 9 070 (18,5%) техникалық және кәсіби мамандық иелері. Жалпы білім беру мектептерінен кейін, ШЖМ-ге келіп жұмыс жасап жатқан педагогтар 83 (0,2%). Магистр деңгейін алған мұғалімдердің саны қала мектептерінде 3 есе көп. Ауылдық мектептерде 33,8% магистр жұмыс жасайды, бұл еліміздегі барлық ауыл педагогтарының жинақтап алғандағы 1,2% құрайды.

ШЖМ педагогтарының біліктілік сипаттамасы салыстырмалы түрде төмен. Еліміз бойынша жоғары категориялы (ҚР – 23,7%) педагогтардың орташа көрсеткіші – 14,8% болса, мұндағы ШЖМ педагогтарының үлес салмағы 1,6 есе аз. ШЖМ-нің барлық педагогтары есебімен алғанда, бірінші категориялы педагогтардың үлесі 34%, екінші – 25,8% құрайды. ШЖМ педагогтарының 25,4% категориясыз, яғни ешқандай категориялары жоқ. Педагогтардың неғұрлым төмен квалификациялылары Шығыс Қазақстан (12,1%), Солтүстік Қазақстан (12,1%), Ақмола (11,7%), Қостанай (10%) облыстарында<sup>29</sup>.

ШЖМ педагогтарының төмен біліктілік сипаттамасы, олардың кәсіби деңгейін арттыру бағытындағы қызметті күшейту талабын қояды.

Қазақстанда бұл мәселені 1991–2002 жылдары А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің базасына қарасты Республикалық оқу әдістемелік орталығы (РОЭО) тиімді жүзеге асырды. РОЭО республикадағы ШЖМ-нің ерекше жағдайларында педагогикалық процесстерді басқарудың, оқу процессін ұйымдастыру бойынша инновациялық бағыттарды таныстыру мен таратудың, оқушыларды тәрбиелеудің, ауыл мектептерінің жаңа модельдерін құрудың тиімді тәжірибесін жинақтаған нақты іскер орталық болды. РОЭО жоспары бойынша еліміздің облыс орталықтарындағы университеттер базасында халықаралық және республикалық семинарларды ұйымдастыру және өткізу тәжірибесі (1991 ж. – Қарағанды, 1992 ж. – Қостанай, 1994 ж. – Қызылорда, 1995 ж. – Орал, 1996 ж. – Жамбыл, 1997 ж. – Көкшетау, 2002 ж. – Өскемен) жемісті жүрді, әр облыс өз өңіріндегі ауылдық ШЖМ жұмыс тәжірибесімен бөлісіп отырды. Аталған ұйым тек Қостанайдың аудандық орталықтарымен ғана емес, республиканың өзге облыстарында ШЖМ мұғалімдерімен кездесулер және жылжымалы семинарлар ұйымдастырды<sup>30</sup>.


<sup>28</sup> Аналитический отчет «Учителя Казахстана: почему молодые люди выбирают эту профессию и что их мотивирует оставаться в ней?»: Ирсалиев С. А., Камзолдаев М. Б., Ташибаева Д. Н., Копеева А. Т. – Астана: Общественное объединение «Центр анализа и стратегии «Белес», 2019. – Б. 8.

<sup>29</sup> Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2018 года). – Нур-Султан: МОН РК, АО «ИАЦ», 2019. – Б. 106, 108, 109, 119, 195.


<sup>30</sup> Республикалық оқу-әдістемелік орталықтың әдіскері, п.ғ.к., ҚМПУ доценті Р. С. Ищановамен сұхбаттан.

Дегенмен, орталық 2000-ші жылдың басында қаржыландырудың тапшылығына орай, өзінің белсенді қызметін тоқтатты.


**Диаграмма 8.** Мұғалімдердің білім деңгейі және біліктілік сипаттамасы (қала-ауыл-ШЖМ)



**Мұғалімдердің білім деңгейі (қала-ауыл-ШЖМ)**



### Мұғалімдердің біліктілік сипаттамасы (қала-ауыл-ШЖМ)



Қазіргі таңда педагогикалық шеберлікті арттыру курстарының кең спектрінің бірі. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы (бұдан ары – ҰБАО «Өрлеу»), «НЗМ» ААҚ Педагогикалық шеберлік орталығы (бұдан ары – ПШО) және олардың аймақтық бөлімшелері ұсына алады.

Социологиялық сауалнамалар қорытындысы көрсеткендей, ШЖМ мұғалімдерінің басым көпшілігі өздеріне қойылған: «Оқу процессіндегі АКТ қолданысы проблемалары бойынша жетілдіру курстарын қандай ұйымдар өткізді?» және «Сіздің пікіріңізше, қандай ұйымдарды біліктілікті арттыру курсына неғұрлым сапалы өткізді деп атай аласыз?» сауалдарына – ҰБАО «Өрлеу» деп жауап берді. Орталықтың ресми сайтымен танысып шығып, тиімді жұмыстар, оның ішінде онлайн режимдегі қызметтер Орталықпен, көп жағдайда олардың филиалдарымен жүргізіліп жатыр деген пікірге тоқталдық. Филиал сайты платформасында «ҰБАО «Өрлеу» АҚ Қостанай облысы бойынша Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының «Қашықтықтан оқыту орталығы» бөлімі бар, 10 компоненттен тұратын контент, конкурс, олимпиада, конференция, семинар/вебинарлар туралы ақпараттар ұсынады. ШЖМ мұғалімдері үшін қызықты әрі пайдалы боларлық барлық пәндер бойынша видеолекциялар каталогы тіркелген, кәсіби желілік бірлестікке қосылып мұғалімдердің өзара сұхбатына қатысу қарастырылған, сондай-ақ педагогтың оқу-әдістемелік қызметінің көптеген бағыттары бойынша қашықтықтан білім алу мүмкіндіктері беріледі<sup>31</sup>.

ЭЫДҰ-ның 21 елі, басқа мемлекеттердің тәжірибесінен қашықтықтан оқыту курстарын ұсынады. Біліктілікті арттыру өндірістен қол үзбей тікелей мектеп базасында жүзеге асырылады<sup>32</sup>.

ҚР ШЖМ педагогтарының кәсіби өсуінің жаңа кезеңі электрондық оқыту жүйесінің көмегімен, білім беруді ақпараттандыруды дамытумен басталады деп жоспарланды. Бұл жүйе 2011-2013 жылдары 1070 мектепке енгізілді (2011 – 31, 2012 – 537, 2013 – 502), оның ішінде 457 ауылдық мектептер болды. Мектептер 10 603 цифрлық білім беру ресурстарына қол жеткізді. Оқытудағы АКТ қолданысымен 32 мың педагог кәсіби компетенциясын жоғарылатты. 2015 жылдан АКТ-модулі барлық қысқа мерзімді біліктілікті арттыру

<sup>31</sup> Қостанай облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының «Өрлеу» АҚ қашықтықтан білім беру орталығы // <http://d.orley-kost.kz/index.php/ru/>

<sup>32</sup> Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016. – Б. 11.

курстарына қосылды. Оқытудағы АКТ қолданысы бойынша біліктілікті арттырудан өткен жалпы педагогтар саны, 2011–2015 жылдары 252 449 адамды құрады<sup>33</sup>.

Қазақстандағы білім беру жүйесін цифрландыруға қарай, мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыруға бағытталған түрлі жобалар жүзеге асырыла бастады. Ашық білім берудің ұлттық платформасы – бұл телеконференциялар мен вебинарларды, білім беру курстарын, онлайн сабақтар және тағы басқаларды қамтитын аппараттық бағдарламалық кешен. Қашықтықтан оқыту кешені meet.mail.kz. платформасында орналасқан. Ол виртуалды сабақтарды ұйымдастыруға және кез-келген пән бойынша сабақтарды қашықтықтан өткізуге мүмкіндік береді<sup>34</sup>. Цифрлық білім берудің осы пилоттық жобасы меншік нысанына қарамастан барлық білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытудың жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларын пайдалануға мүмкіндік береді<sup>35</sup>.

Оқу-тәрбие процессінде АКТ қолданысы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы мәселемен ауыл мұғалімдерінің пікіріне жүгіндік. Осыған ұқсас курстардан мұғалімдердің 36% және 81% соңғы үш жыл көлемінде өткен екен. Барлық курстар «Өрлеу» ҰБАО ұйымдастыруымен жүрген. Онлайн-режимінде біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы келесі сұраққа берілген жауаптарда оптимизм аз болды. ШЖМ бірде-бір педагогы мұндай санаттағы курстардан өтпеген. Әрі ШЖМ-дағы интернет жылдамдығы 4 Мбит/с-тан төмен жағдайда, жұмыстан қол үзбей онлайн курстардан өту де мүмкін болмаған.

Біліктілікті арттырудың тұтастай жүйесі, Қазақстан мектептерінің білім беру процессіне жаңартылған оқыту бағдарламасының енгізілуіне байланысты түзілді. 2019–2020 оқу жылынан бастап республиканың барлық мектептері мен сыныптары «обновленкаға» көшті. Ауқымды мектеп реформасы алдын-ала дайындық шараларымен басталды. 2016 жылдан бастап ПШО мұғалімдерін даярлау мақсатында біліктілікті арттыру курстары қолға алынды. Олар алынған тәжірибені орта білім беру жүйесіне тарату бойынша жоспарлы жұмыс жүргізді. 2018 жылғы тәжірибені таратудың қорытындысы еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне жаңартылған мазмұнды енгізу, білім беру мазмұнын жаңарту және педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша 20 әдістемелік орталық құру болды. Үш жыл ішінде ПШО мен ҰБАО «Өрлеу» курсынан 256 215 педагог қызметкерлер өтті, яғни жалпы мұғалімдер санының шамамен 75% құрайды<sup>36</sup>.

ПШО-да мектеп тренерлері мен үйлестірушілерінің пулын қалыптастыру арқылы әрбір мектептің ішкі әлеуетін арттыру бойынша жұмыс жалғастырылды. Мектеп тренерлері ретінде дайындалған көшбасшы-мұғалімдер, педагогикалық ұжымға жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу процессінде консультациялық қолдау көрсететін болды. 2018 ж. дайындықтан өткен тренерлердің жалпы саны 32 341 жетті, әрі әрбір мектепті әдістемелік активпен қамтамасыз ету жұмысы жүрді. Сонымен қатар, 2016–2018 жж. аралығында 3 918 мектеп басшылары «Менеджмент және мектептегі көшбасшылық» оқыту курсынан өтті<sup>37</sup>.

<sup>33</sup> Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жағдайы және дамуы туралы Ұлттық баяндама, 2016 жыл. Астана, 2017 – Б. 191.

<sup>34</sup> Цифровизация в образовании: новые технологии в помощь процессу обучения // [https://www.inform.kz/ru/cifrovizaciya-v-obrazovanii-novye-tehnologii-v-pomosch-processu-obucheniya\\_a3477335](https://www.inform.kz/ru/cifrovizaciya-v-obrazovanii-novye-tehnologii-v-pomosch-processu-obucheniya_a3477335)

<sup>35</sup> Ашық білім берудің ұлттық платформасы // <https://edu.mail.kz/about/>

<sup>36</sup> Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2018 года). АО «ИАЦ», 2019. – Б. 238.

<sup>37</sup> Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2018 года). АО «ИАЦ», 2019. – Б. 239.



Көрсетілген уақыт ішінде білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша реформаны іске асыруға бюджеттен 95 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді, онда шығыстардың негізгі баптарын оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары құрады. Олардың тиімділігін ҚР БЖҒМ тек оқу-әдістемелік әзірлемелердің санымен және осындай курстардан өткен мұғалімдердің қамтылуымен бағалады. Нәтижесінде тиімділікті бағалаудың мұндай құралдары бюджет қаражатын сапалы және мақсатты бөлуді бақылаудың толық тоқырауға түскендігін көрсетті<sup>38</sup>.

2018 жылдың сәуірінен қазақстандық педагогтар аттестациялаудың жаңа жүйесіне көшті. Жаңа форматтағы емтиханнан педагог кадрлардың 17,3% өтті (18,8% – педагог-зерттеуші және педагог-мастер категориясымен, 11,8% – педагог-эксперт категориясымен) өтті<sup>39</sup>.

Жаңа жүйе бойынша аттестациядан өтудің алғашқы тәжірибесі педагогикалық қоғамдастық тарапынан көптеген сауалдардың жауабын іздетті. Мұғалімдер үшін тест базасымен алдын-ала танысып алмай тестілеуге қатысу, аттестаттау рәсімінен облыстық немесе аудандық орталықтарда өту және оның оқу жылының соңындағы емтихан тапсыру кезеңіне сай келуі үлкен қиындықтар туындатты. Әдеттегідей, анағұрлым көп қиындықтарды бастарынан өткерген ШЖМ мұғалімдері болды. Егер олар бірнеше пәннен қатар сабақ жүргізсе және бұл мамандардың дипломында екі пән жазылса (мысалы, «тарих және география», «химия және биология» және т.б.), онда екі пән бойынша бір уақытта қатар аттестациядан өту мүмкіндігі болды<sup>40</sup>.

Қазақстандықтар үшін ауыр тигені 2019 жылдың соңындағы отандық педагогтардың жартысынан астамының (56%) Ұлттық квалификациялық тестілеуден өте алмаулары болып саналады<sup>41</sup>. Аттестациялаудың жаңа ережелері, көптеген мұғалімдердің пікірінше тестілеуден өту және жалақыға кепілдемелі қосымша ақыны алу мүмкін болмайтындай, ретсіз ауырлатып жіберілуінде. Сонымен қатар, бұл жағдай ұстаздық мамандықты тастаудың басты себептері болып енеді<sup>42</sup>.

Осындай резонанстық тәжірибені ескере отырып, педагог қызметкерлерді аттестациялаудан өткізу ережелері мен шарттарына өзгерістер енгізілді. Негізгі өзгерістер тестілеуден өту форматына қатысты болды (қағаз нұсқаның орнына электронды нұсқа) болды, мұғалімдер мектеп басшылығының ескертуінсіз тестілеуге қатыса алды, ал нәтижесі аттестациядан өтушінің тек өзіне ғана мәлім болды. Педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушылары мен түлектері де тестілеуден өтіп және «педагог-модератор» квалификациясын ала алды<sup>43</sup>.

<sup>38</sup> Ковязина К. Реформа среднего образования: в чем эффективность, брат? // <https://ekonomist.kz/kovязина/reforma-shkolnogo-obrazovaniya/>

<sup>39</sup> Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

<sup>40</sup> Айтжанова Б. В МОН ответили на жалобы об аттестации учителей // [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/v-mon-otvetili-na-jalobyi-ob-attestatsii-uchiteley-344935/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-mon-otvetili-na-jalobyi-ob-attestatsii-uchiteley-344935/)

<sup>41</sup> Ситуация критическая: половина педагогов Казахстана провалили новые тесты // [https://vogazeta.ru/articles/2020/1/23/international/11237-situatsiya\\_kriticheskaya\\_polovina\\_pedagogov\\_kazahstana\\_provalila\\_novye\\_testy](https://vogazeta.ru/articles/2020/1/23/international/11237-situatsiya_kriticheskaya_polovina_pedagogov_kazahstana_provalila_novye_testy); Иконников А. Научить учителя: что не так в средней школе Казахстана // <https://365info.kz/2020/01/nauchit-uchitelya-что-не-так-в-srednej-shkole-kazahstana>

<sup>42</sup> Жұлмұхаметова Ж. Казахстанские учителя назвали причины ухода из школ // <https://informburo.kz/novosti/kazahstanskie-uchitelya-nazvali-prichiny-svoego-uhoda-iz-shkol.html>

<sup>43</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын



Осылайша, педагогикалық біліктілікті арттыруға бағытталған түрлі семинарлар, конференциялар мен курстар «Өрлеу» БАҰО, ПШО, олардың өңірлік бөлімшелері тарапынан ұсынылды және өткізілді, алайда әлсіз материалдық база және ШЖМ-де кең жолақты интернетке қолжетімділіктің болмауы салдарынан аталған ұсыныстарды онлайн режимде тұтыну мүмкін болмай келеді. Дәл осы себептерден де мұғалімдер тәжірибе алмасу үшін басқа электрондық платформаларды, мысалы, ашық білім берудің ұлттық платформаларын қолдана алмауда. Сондай-ақ, ауыл мұғалімдерінің сабақтарын басқа пәнмен ауыстыру қиындықтары себептерінен, күндізгі курстық даярлықтан өту мүмкіндіктері де шектеулі болып келеді.

## 1.5 ШЖМ-нің материалды-техникалық базасы

Жоғарыда атап өткендей, білім беру сапасына әртүрлі факторлар әсер етеді және ең маңыздыларының бірі - мектептің материалды-техникалық базасының деңгейі және осы ресурстарды ұтымды пайдалану. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама, атап алғанда PISA-2012 нәтижелерінің зерттеуі оқушылардың білім жетістіктері мен мектептердің материалдық жабдықталуының өзара байланысына назар аудартады.

Бүгін біз ауылдық және қалалық мектептер арасындағы үлкен алшақтықтың куәсі болып отырмыз және ең алдымен ол материалды-техникалық базадан көрініс табады.

2018–2019 оқу жылы 31 мектеп апатты жағдайда болған, әрі оның бәрі десе болады ауылдық жерде орналасқан. Оның ішінде 12 мектеп саманнан және 9 мектеп бейімделмеген жайларда орналасқан. Апатты мектептер еліміздің 8 өңірінде (Ақтөбеде – 2, Атырауда – 5, Жамбылда – 4, БҚО – 5, Қарағандыда – 3, Қостанайда – 2, Қызылордада – 2, Түркістанда – 7 мектеп) қызмет жасады. Мұндай мектептердің қауіпті жағдайында 10 389 оқушы білім алды<sup>44</sup>.

ШЖМ-дардағы жағдай одан да ауыр. ШЖМ-ның 35% бейімделмеген жайларда орналасқан. ШЖМ ғимараттарының 8,2% күрделі жөндеуді талап етеді. ЖАО деректері бойынша, 842 мектеп әлі жөндеуден өтпеген. Өңірлер шеңберінде жөндеуден өтуге тиісті мектептердің ең көп саны (өңірдің барлық мектептерінің 20%), Алматы облысынан байқалады<sup>45</sup>.

«Қазақстан Республикасы-2020 білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинағының деректеріне сәйкес, 10,2% немесе 534 мектептердің спорт залдары жағдайсыз ғимараттарда орналасқан, ал мектептердің 25% спорт залсыз, мүлдем спорт ғимараттары жоқ. Ауыл мектептерінің 15% кітапханасыз, сондай-ақ асхана мен буфеттері де жоқ. 2 151 ауыл мектептерінің (30,8%) ауладағы дәретханалары ғана бар. 1 497 елді мекенде мектеп те

► бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілердің қосымша білім және арнайы оқу бағдарламалары» // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020636>; Айсаров Д. 2 июня начинается тестирование педагогов. Какие изменения внесли в правила аттестации // <https://informburo.kz/stati/2-iyunya-nachinaetsya-testirovanie-pedagogov-kakie-izmeneniya-vnesli-v-pravila-attestacii.html>

<sup>44</sup> Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2018 года) / М. Атанаева, М. Аманғазы, Г. Ногайбаева, А. Ахметжанова, М. Шакенова, Г. Карбаева, Ж. Джумабаева, Н. Касымбекова, М. Даулиев, Д. Абдрашева, А. Кусиденова. – Нур-Султан: Министерство образования и науки Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2019. – Б. 139.

<sup>45</sup> «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Астана, 2019. – Б. 205.

жоқ, 25 352 оқушы тасымалдаумен жақын мектептерге жеткізіледі. Аталған ауылдардың балаларын біліммен қамту үшін, балалардың 90% жақын мектептерге апарылады, 9% мектеп жанындағы интернаттарда жатып оқиды, 1% жуық бала білімге қол жеткізу үшін туыстарының қолында тұрып оқуға мәжбүр<sup>46</sup>.

Оқу процессіндегі білім беру сапасын арттыру үшін жаңа модификациялы кабинеттер және интерактивті жабдықтарды пайдалану қажет. Қазақстанда мектептерді лингафондық және мультимедиялық кабинеттермен, интерактивті тақталармен жабдықтау 2005 жылдан басталды. Дегенмен, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ШЖМ дамыту Орталығының есептік құжаттарында көрсетілгеніндей, ШЖМ-де жаңа модификация кабинеттері мен басқа да интерактивті жабдықтар тапшы. Жаңа модификациялы оқу кабинеттері жоқ, ШЖМ физикадан 1 102 (33,7%), химиядан – 1 273 (39%), биологиядан – 1 283 (39,3%), математикадан – 958 (29,3%) және лингафондық кабинеттер – 1 600 (49%)<sup>47</sup>. 2019–2020 оқу жылы 728 ШЖМ, немесе барлық ШЖМ-ның 25%-дан сәл жоғары бөлігі ғана лингафондық және мультимедиялық кабинеттерге ие болды<sup>48</sup>.

### 1.5.1 Ақпаратты-коммуникациялық технологиялармен жабдықтау

Білім беру жүйесін ақпараттандыру процессі қазіргі қоғам дамуының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі әлемде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеру оқу мен жаза білу сияқты қасиеттермен қатар жүреді, әрі әрбір азамат үшін қажеттілік.

2017 жылдың ортасында қабылданылған «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы аясында білім беруді ақпараттандыру және цифрландыру білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық маңызды бағыты ретінде өзекті болып табылады.

Білім беруде АКТ-ны қолдану оқу процессін 3 есе күшейтетіні, сонымен бірге оқыту сапасын 2-3 есе жақсартатыны дәлелденген, мұны әртүрлі мемлекеттердің педагог-ғалымдары (АҚШ – Симур Паперт, профессор, конструкционизм педагогикалық философиясының негізін қалаушы, Индия – Абдул Вахид Хан, ЮНЕСКО Бас директорының орынбасары, Ресей – РАҚ білімді ақпараттандыру ҒЗИ Роберт И. В., Каймин В. А. арнаулы зерттеуі; Қазақстан – профессор Нұрғалиева Г. К. ғылыми мектебі) қуаттайды. Мектептің білім беру саласына АКТ енгізудің әлеуметтік аспектісі қашықтықтан оқыту үшін барлық қазақстандық мектептерге, оның ішінде ШЖМ-ді қоса алғанда, бүкіл мектеп пәндеріне қолжетімділікті ұсынады.

Қазақстанда білімді ақпараттандыруды дамыту және мектептерді компьютерлермен және интерактивті жабдықтармен қамтамасыз ету жұмысы қолға алынған. 2005 жылы бір компьютерге шаққанда 41 білім алушы келген болса, оның ішінде ауылдық жерде – 36, ал


<sup>46</sup> «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Нұр-Сұлтан, 2020. – Б. 173, 176.

<sup>47</sup> Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан, 2014 год. Составители: С. Ирсаилов, А. Култуманова, Т. Булдыбаев, Г. Карбаева, Ш. Шаймуратова, Г. Ногайбаева, Г. Қусиденова, А. Ибрашева, З. Алямова, М. Алпысбаева, К. Манакова. – Астана: АО «ИАЦ», 2015. – Б. 81.

<sup>48</sup> «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Нұр-Сұлтан, 2020. – Б. 181.

2010 жылы аталған көрсеткіш 18-ді құраған<sup>49</sup>, 2015 жылы – 10 оқушыға бір компьютерден келген<sup>50</sup>. Бүгінде 11 мектеп оқушысына 1 компьютерден келеді.

**Диаграмма 9.** Білім алушылардың саны, бір компьютерге есептегенде



Білім беру жүйесін ақпараттандыру саясатын мемлекет тарапынан қолдау болғанына қарамастан, бұл салада әлі де күрделі проблемалар қалып отыр. Атап алғанда, Қазақстан 5-6 адамға бір компьютерден келетін компьютерлендірудің мүмкіндікті жалпыәлемдік көрсеткішіне әлі қол жеткізе алмай келеді. Оның үстіне, Атырау, Қостанай және Қызылорда облыстарының мектептері түгелімен компьютерлендірілген жоқ<sup>51</sup>. Компьютерлердің жалпы санының 35% аса бөлігі, жаңартуды талап етеді<sup>52</sup>.

Ауыл мектептерінде назар аударарлық ерекше жағдай қалыптасқан. ШЖМ-де 4 білім алушыға бір компьютерден келеді. Бірақ, еліміздегі бүкіл мектептердің барлық компьютерлерінің жалпы санынан 35% ауыстыру мен жаңарту қажеттілігі болса, онда ауыл мектептері және ШЖМ-де қолданыстағы компьютерлердің 80% жаңартудың қажеттілігі бар<sup>53</sup>.

2007 жылдан бастап «Онлайн оқыту жүйесі» жобасының шеңберінде мектептерге интерактивті жабдықтар жеткізіле бастады. 2009 жылы ШЖМ-нің 28% интерактивті жабдықтармен жасақталды<sup>54</sup>. 2016 жылға қарай бұл көрсеткіш 5 699 мектепті қамтыды, жабдықтардың 27 332 интерактивті тақталар, оның ішінде ауыл мектептеріне – 11 572 (42,3%) бөлінген<sup>55</sup>. 2019–2020 оқу жылының мәліметтері бойынша ШЖМ 6239 интерактивті тақталармен жабдықталған, оның ішінде анағұрлым мол жабдықталған Шығыс Қазақстан облысындағы ШЖМ (1 078) болып есептеледі, ал ең аз жабдықталған – Маңғыстау облысы

<sup>49</sup> ГПРОН РК на 2011–2020 гг.

<sup>50</sup> «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Астана, 2016. – Б. 180.

<sup>51</sup> Қазақстанның елдік базалық есебі, 2014.

<sup>52</sup> «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Астана, 2018. – Б. 197.

<sup>53</sup> Нурбаев Ж. Е. интернет не приспособлен: будем доверять учителям // <https://vlast.kz/avtory/38977-internet-ne-prisposoblen-budem-doverat-ucitelam.html>


<sup>54</sup> ҚР ШЖМ 2010–2020 жылдарға арналған даму Тұжырымдамасы (жоба).

<sup>55</sup> Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан, 2016 год. Астана, 2017 – Б. 191.

(44)<sup>56</sup>. Дегенмен, оқушылардың АКТ-ға қол жеткізу мүмкіндіктері әлі де шектеулі. Әрі мектептердің әлемдік білім беру интернет-ресурстарына қолжетімділік көрсеткіші де төмен болып қалуда. Электрондық оқыту жүйесіне тек 1075 мектеп тартылған<sup>57</sup>.

ШЖМ ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылыммен жабдықтау деңгейін анықтау мақсатында 2019 жылдың мамыр-маусым айларында ШЖМ мұғалімдерімен әлеуметтік сауалнама жүргізіліп, ал 2020 жылдың қаңтар-наурыз айларында ШЖМ директорлары және меңгерушілерімен эксперттік сараптамалық сұхбат алынды.

**Диаграмма 10.** ШЖМ мұғалімдерінің АКТ-мен қамтамасыз етілуіне қанағаттану дәрежесі



2019 жылғы анкета жүргізу нәтижесі көрсеткеніндей, АКТ қамтамасыз етілуіне 41,5% респонденттің көңілі толады, яғни қанағаттанады, бірақ кейде интернеттің кідіріспен жұмыс жасайтындығымен бөліседі, 30,2% қанағаттанады, дегенмен коммуникациялық инфрақұрылымдардың (компьютерлер және т.б.) барлық мұғалімдерге жете бермейтіндігін мәлімдейді, 5,7% мүлдем қанағаттанбайды және тек 2% жуығы ғана 100% қанағаттанады.

Мектеп директорлары және меңгерушілерімен ағымдағы жылы алынған жан-жақты тереңдетілген сауалды интервью нәтижесінде, 2 жыл көлемінде ауыл мектептерін АКТ-мен қамтамасыз ету жағдайының мүлдем өзгеріссіз қалғандығы анықталды. Жалпы, олар мектептердің АКТ жабдықталуын оңды сипаттайды, бірақ оқу процессінде оларды пайдалану кезіндегі проблемалар туралы сақтықпен баяндайды. Мысалы, ШЖМ компьютерлік паркі соңғы рет ауыл мектептерін жаңа компьютерлермен қамтамасыз ету жағдайында, мамандандырылған жинақ-сыныптармен бірге жабдықталып, 2007 жылға дейін жаңартылған. Республикалық бюджеттен бөлінген қаражатқа, 2016 жылдан бері ШЖМ-ға жеткізілгені 2-3 компьютер немесе ноутбуктен ғана. Көптеген мектептерде (тірек мектептерді қоспағанда) физика, химия және биология пәндік кабинеттері, лингафондық кабинеттер құрылымдалмаған. Әрбір мектепте шамамен 2-3 интерактивтік тақтадан бар. Алайда, олардың жартысы жұмысқа жарамсыз және көпшілігі бір жылға жетпей қолданыстан шығып қалған.

<sup>56</sup> «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Нұр-Сұлтан, 2020. – Б. 181.

<sup>57</sup> 2016–2019 жж. арналған ҚР БҒДМБ. Астана, 2016. – Б. 12.

Респонденттер мен ақпарат беруші информанттар пікірінше, ауыл мектептеріндегі альтернативті баламалы оқыту, методикалық құралдармен, сыныптан тыс жұмыстарға арналған көмекші құралдармен, ТЖҚ және АКТ жабдықтарымен қамтамасыз етілуі қажет. Бұл жағдайда оқу-ақпараттық қорлар мұғалімдерге әр оқушының қажеттілігін қанағаттандыра аларлық ең маңызды материалдарды таңдауға мүмкіндік береді. Олар сондай-ақ электрондық ақпарат көздерінен (желіні қоса алғанда): виртуалды кітапханалар, зертханалар, мәліметтер базасы, кеңес беру қызметтері, электрондық оқулықтар, оқу құралдары және т.б. арқылы ақпарат қолданысын кеңейтеді<sup>58</sup>.

### 1.5.2 Кең жолақты интернетке қолжетімділік

Қазақстандық мектептердің интернетке қолжетімділігін арттыру бойынша жұмыстар жылдан жылға арта түсуде. Мысалы, 2005 жылы мектептердің 75% Интернетпен қамтылды, оның – 70% ауылдық мектептер, ал 2010 жылы – 98% және 97%, тиісінше ауылдық мектептер үлесінде. 2010 жылы жоғары жылдамдықты интернет, мектептердің 34% және 11,5% ШЖМ<sup>59</sup> қол жетімді болды<sup>60</sup>. 2015 жылы мектептердің жалпы санының 27,44% жекелеген өңірлер арасындағы елеулі алшақтықпен жылдамдығы 4-тен 10 Мбит/сек. дейінгі кең жолақты интернетке қол жеткізді: 100%-дық қолжетімділікпен Алматы қаласының мектептері қамтылды, ал дәл осы уақыт шеңберінде Ақтөбе және Қостанай облыстарында интернетке қолжетімділік 10,66% және тиісінше 13,83% құрады. «Материалды-техникалық қамтамасыз ету және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)» тобы көрсеткіштерінің нәтижелері бойынша ең жоғарғы индекстер Алматы (1,0) және Астана (0,798) қалаларында, ал ең төменгі көрсеткіш Қостанай (0,522) және Ақтөбе (0,533) облыстарында байқалады<sup>61</sup>.

Бүгінгі таңда республика көлемінде интернет желісіне қолжетімділік үлес салмағы бойынша мектептер 100% құрайды, оның ішінде 4020 мектеп, немесе 55% жоғары жылдамдықты 4 Мбит/с интернетке ие. Бұлардың басым көпшілігі негізінен қала мектептері. Жағдай ШЖМ-да анағұрлым күрделірек. Қазақстандағы ШЖМ-ның басым бөлігі 4 Мбит/с төмен жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген, мұндай мектептердің саны 1 952 немесе 69% құрайды<sup>62</sup>. Дегенмен білім берудің ақпараттық инфрақұрылымымен қамтамасыз етілген цифрлық білім беру ресурстарын толыққанды пайдалану үшін 4 Мбит/с жоғары жылдамдықты интернетке қосылу қажет.

2019–2020 жж. далалық зерттеулердің нәтижелері бойынша сапалы интернетке қол жеткізу төтесінен өткір қойылған мәселе болды. Біз зерттеген барлық ауыл мектептерінде 4 Мбит/с және одан жоғары жылдамдықты кең жолақты интернетке қолжетімділік жоқ болып шықты. Интернеттің нақты жылдамдығы шамамен 1,5–2,9 Мбит/с шегінде болды. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің басым бөлігі (95%), интернет сапасының төмендігіне шағымданды. Жоғары жылдамдықты интернет қала мектептерінде, мүмкін аудан орталығының мектептерінде болуы мүмкін. ШЖМ-да интернет «нашар» екеніне көз жеткізу үшін шалғай ауылдарға барудың ешбір қажеттілігі жоқ, елордадан 50 км қашықтықтағы ауылдарға

<sup>58</sup> ЭЫДҰ елдері мен Қазақстанның шағын жинақталған мектептерінің жұмысын салыстырмалы талдау. Талдау есебінің бөлімі. Ұсынымдар. Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. – Астана, 2016. – Б. 18.

<sup>59</sup> ҚР ШЖМ 2010–2020 жылдарға арналған даму Тұжырымдамасы (жоба).

<sup>60</sup> 2011–2020 жж. арналған ҚР БҒДМБ.

<sup>61</sup> 2015 ж. білім беру жүйесінің өңірлік мониторингі. ҚР БҒМ өңірлерінің рейтингі.

<sup>62</sup> Национальный сборник «Статистика системы образования Республики Казахстан» – АО «Информационно-аналитический центр»: Нур-Султан, 2020. – С. 180, 182.

бару немесе Алматыдан небары 25 км қашықтықта тұратын Каскелең оқушыларының интернетке қосыла алмау шарасыздығына назар аударсаңыз жеткілікті<sup>63</sup>.

Тарауды қорытындылай келе, қазақстандық мектептерде сапалы білім берудің дамуына кедергі келтіретін бірнеше себептерді анықтаған TALIS-2018 халықаралық зерттеулерінің нәтижелерін келтірмекшіміз. Аталған зерттеуге қатысқан мектеп директорлары, басты үш кедергіні атап көрестеді: цифрлық жабдықтардың жетіспеушілігі немесе стандарттарға сәйкес келмеуі, интернетке қолжетімділіктің болмауы немесе оның шектеулілігі, мектеп инфрақұрылымындағы сәйкессіздік, оның талаптарға сай болмауы<sup>64</sup>. Осылайша, мектептердегі білім беру сапасын арттыру жолындағы негізгі қиындықтар материалды-техникалық қамтамасыз етумен, интернет және ақпараттық технологиялардың сапасымен байланысты болып табылады.

Осы 2018 жылдары жүргізілген келесі ICILS халықаралық зерттеуі аясында, мектеп оқушыларының компьютерлік технологияларды қолдану тиімділігі бағаланған болатын. Тестілеу оқушылардың IT-компетенцияларының деңгейін және мектепте оларға жасалынған жағдайлардың сапасы бойынша мәліметтер келтіреді. Қазақстан бұл зерттеуге 2018 жылдың сәуірінен мамыр айына дейін тартылды. Халықаралық іріктеу арқылы зерттеуге шамамен 4000 қазақстандық сегізінші сынып оқушылары мен 2500 мұғалім қатысты. Зерттеу нәтижелері 2019 жылдың соңында жарияланды және қазақстандық мектеп оқушыларының ақпараттық технологиялар саласында көп артта қалушылығы анықталды. Халықаралық зерттеуге қатысқан 14 білім беру жүйесінің ішінде, қазақстандық білім алушылар ең төменгі нәтижелер көрсетті<sup>65</sup>. IT-сауаттылық білімінің бұл деңгейі, ақпаратты-коммуникациялық технологиялар арқылы жүргізілген басқа зерттеулердің (мысалы, PISA-2018) нәтижелеріне әсер еткені сөзсіз.

Кең жолақты интернетке қолжетімділіктің болмауы, оқу-ұйымдастырушылық және әдістемелік сипаттағы көптеген проблемаларды туындатып отыр. Осыдан жалпы интернеттің сапасы туралы мәселе бой көтереді. Уақыт төрелігі көрсеткендей, пандемия және карантиндік шектеулер жағдайында ауыл мектебіне, мұғалімдерге, сондай-ақ қашықтықтан немесе онлайн-оқыту кезінде, мектеп жасындағы балалары бар қазақстандық отбасылардың бәріне, кең жолақты интернет қажет.

<sup>63</sup> «Интернета нет». Дети из Каскелена попросили решить проблему перед 1 сентября // [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/interneta-net-deti-kaskelena-poprosili-reshit-problemu-1-410281/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/interneta-net-deti-kaskelena-poprosili-reshit-problemu-1-410281/)

<sup>64</sup> Международное исследование преподавания и обучения TALIS-2018: первые результаты Казахстана. Национальный отчет, первый том / Р. Сыздықбаева. Нур-Султан: МОН РК, АО «Информационно-аналитический центр», 2019. – Б. 23.

<sup>65</sup> Results of the International Computer and Information Literacy Study (ICILS) 2018 // <https://www.iea.nl/sites/default/files/201911/ICILS%202018%20infographics%20final%20release%205%2011%2019.pdf>; IEA International Computer and Information Literacy Study 2018 International Report // <https://www.iea.nl/sites/default/files/2019-11/ICILS%202019%20Digital%20final%2004112019.pdf>



## 2. Мектептегі білім беруді жаңғырту: теңсіздікті жеңу векторы

### 2.1 ШЖМ қызметін құқықтық сүйемелдеу

Қазақстанда мемлекеттік деңгейде ШЖМ қызметін нормативті-құқықтық сүйемелдеу бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі Білім туралы Заңымен және оның алдындағы 1999 жылдың 7 маусымындағы Білім туралы Заңымен, ШЖМ дефинициялары және олардың негізгі ережелері анықталды. Бұл бөлімде Қазақстан Республкасының білім және ғылымды дамытудың әр жылдардағы мемлекеттік бағдарламаларын (бұдан әрі – ҚР БҒДМБ) талдауға басты назар аударылады, өйткені онда ШЖМ-нің сол немесе өзге кезеңдегі жай-күйі анық жазылған, нақты міндеттер мен оларды шешу тәсілдері қойылған. Бір кездері не жоспарланды және іс жүзінде не жүзеге асырылды, осы әрекеттердің арақатынасын бүгінгі күннің көкжиегінен таразылау өзекті болмақ. Зерттеуде көтеріліп отырған тақырыппен тікелей байланысты, бірақ келесі тарауларда толықтай қарастырылатын өзге де нормативті актілер келтірілген.

ҚР БҒДМБ 2011–2020, 2016–2020 және 2020–2025 жылдардағы мәліметтер салыстырмалы талдаудан өтті. Ең маңыздысы – міндеттерді қоюдан бастап көрейік, өйткені мәселе қаншалықты өзекті және ол кейінгі уақыттарда шешімін табады ма, жоқ па, ол мәселені дұрыс қоя білуге байланысты. Алдымен орта білім беру жүйесі үшін анықталған тапсырмалардың толық нұсқаларын беріп көрейік.

#### **ҚР БҒДМБ 2011–2020 жж. міндеттері:**

*«– білім беру мазмұнын жаңарта отырып, 12-жылдық оқыту моделіне көшуді жүзеге асыру;*

- ШЖМ проблемаларын шешу;*
- мектептегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру»<sup>66</sup>.*

#### **ҚР БҒДМБ 2016–2020 жж. міндеттері:**

*«– педагог кәсібінің беделін көтеру және олардың сапалық құрамын арттыру;*  
*– орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ету;*  
*– орта білім мазмұнын жаңарту;*  
*– оқушылардың бойында «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершіліктік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;*

- орта білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру»<sup>67</sup>.*

#### **ҚР БҒДМБ 2020–2025 жж. міндеттері:**

*«– педагог кәсібіне сұранысты арттыру және педагогикалық білім беруді жаңғырту;*

- білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту;*
- балалардың қауіпсіздігі және жайлы оқуы мен өмір сүруі үшін жағдай жасау, баланың салауатты өмір салтын қалыптастыру;*
- білім беру сапасын бағалаудың тиімді біртұтас жүйесін түзу»<sup>68</sup>.*

<sup>66</sup> 2010 жылғы 7 желтоқсандағы 2011–2020 жж. арналған ҚР БҒДМБ.

<sup>67</sup> 2016 жылғы 1 наурыздағы 2016–2020 жж. арналған ҚР БҒДМБ.

<sup>68</sup> 2019 жылғы 27 желтоқсандағы 2020–2025 жж. арналған ҚР БҒДМБ.



Жоғарыда келтіріліген бағдарламалық міндеттерден, 2010 жылдан бастап 12-жылдық оқытуға көшуді жүзеге асыру, ШЖМ проблемаларын шешу және инклюзивті білім беруге назар аудару маңызды болғандығын көруге болады. 2015 жылдан бастап басымдықты бағыттар өзгереді, білім берудің жаңартылған мазмұны, инфрақұрылымдық даму, педагог мәртебесін арттыру және білім алушыларды рухани-адамгершілік құндылықтарына тәрбиелеу бойынша реформалар басталады. Бүгінгі таңда мұғалім мамандығына сұранысты арттыру, қолайлы педагогикалық жағдай жасау және мектептер арасындағы өңірлік және аумақтық белгілер бойынша алшақтықты қысқарту өзекті болып отыр.

Толық көрініс үшін 2000 жылдың 30 қыркүйегінде қабылданылған «Білім беру» Мемлекеттік бағдарламасының мәтіндері қайта ой елегенінен өткізілді, 2005 жылға дейін есептелінген бұл бағдарламада ШЖМ-ға көп көңіл бөлінген, әрі ШЖМ-да білім беру сапасын арттыру және оларды іске асыру бойынша шаралар қабылдау үшін ауқымды міндеттер қойылған. Заң жүзінде күшін жойған бұл құжатта, ШЖМ-ге қатысты міндеттердің жеке тобы қарастырылған:

*«– ауылдық мектеп пен ШЖМ-нің тиімді моделін әзірлеу және оны кезең-кезеңімен енгізу;*

- ШЖМ үшін педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау;*
- ауылдық жерлерде педагог кадрлардың еңбек тұрақтылығын қамтамасыз ету;*
- әдістемелік әдебиеттерді басып шығару, ШЖМ оқу-тәрбие процессіне арнайы әдістемелік құралдар мен технологияларды енгізу;*
- ауыл мектептерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;*
- оқытудың инновациялық әдістері мен арнайы ұйымдастыру нысандарын енгізу жолымен ауылдық мектептерде оқыту деңгейін арттыру, оқушыларды шығармашылыққа ынталандыру және дарынын ашуға ықпалдасу;*
- ШЖМ оқу процессінде қашықтықтан оқыту әдістерін әзірлеу және игеру;*
- ауыл мектептері мен ШЖМ-ды басқару тиімділігін арттыру»<sup>69</sup>.*

Тек бағдарламалық құжаттарда көрсетілген міндеттерден, 2000-ші жылдардың басында ШЖМ-ға оқу орындарының ерекше түрі ретінде, өзгеше көзқарас болғанын айқын байқауға болады. ҚР БҒДМБ 2011-2020 жж. «ШЖМ проблемасын шешу» – ШЖМ-нің бір міндетіне ғана арналған. Келесі бағдарламаларда ШЖМ мәселелері бойынша сұрақтар көтерілген жоқ. Расымен солай ма? Бұған жоғарыда аталған бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудің негізгі шешімдері мен тәсілдерін қарастыру арқылы көз жеткізе аламыз.

ҚР БҒДМБ 2011–2020 жж. міндеттеріне сәйкес ШЖМ-да білім беру сапасын арттыру мәселелерін шешуге келесі іс-шаралар ықпалдасуы тиіс болды: 2010 жылы ШЖМ-ды дамыту республикалық орталығы құрылды және 2011 жылдан бастап Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының құрамына құрылымдық бөлімше ретінде кірді, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдар жанынан 14 өңірлік орталық құрылды, 2013 жылғы 17 қыркүйекте ШЖМ қызметінің Типологиялық ережесі қабылданды; ШЖМ даму Концепциясы мен «Мектептері жоқ елді-мекендерде тұратын білім алушылар мен тәрбиеленушілерді мектептерге ақысыз және қауіпсіз апару және әкелу» стандарты әзірленді.

<sup>69</sup> 2000 жылғы 30 қыркүйектегі «Білім беру» мемлекеттік бағдарламасы.

2011 жылдан «E-learning» электронды оқыту бағдарламасын әзірлеудің, тірек мектептер немесе ресурстық орталықтар желісін құрудың бастамасы көтерілді.

ҚР БҒДМБ 2016–2020 жж. міндеттеріне сәйкес балаларды ШЖМ-ға тасымалдауды ұйымдастыру, тірек мектептер санын арттыру бойынша жұмыстар жанданды. Техникалық инфрақұрылыммен жабдықтау, кең жолақты интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету және электрондық контентті (Bilim Land) әзірлеу бойынша жұмыс жалғасты.

ШЖМ-дағы оқу жетістіктеріндегі айырмашылықтарды теңестіру үшін жаңа білім беру бағдарламасының қабылдануымен келесі іс-шаралар белгіленді:

- *нәтижелілігі осал мектептерге ірі мектептердің «шефство-қамқорлығы»;*
- *«Мобильді мұғалім» және «Уақытша отбасы» жобаларының іске асырылуы (толығырақ 4 тарауда);*
- *ШЖМ проблемаларын шешу жөніндегі шаралар кешенін іске асыру: ШЖМ-ды әдістемелік қолдаумен қамтамасыз ету, оқу жабдығымен және цифрлық инфрақұрылыммен жарақтандыру, басқару, қаржыландыру, кадрлық қамтамасыз ету және ресурстық орталықтардың жұмыс істеуі мәселелерін қамтитын түрлі модельдерді апробациядан өткізу,*
- *білім алушыларды мектепке дейін және кері жеткізуді ұйымдастыру, мектеп интернаттарын жетілдіру, оның құрылысына модульдік технологияларды қолдану.*

Осылайша, ҚР БҒДМБ талдауы ШЖМ-ға қатысты саяси-басқарушылық шешімдер мәселелерін бірнеше онжылдықтар бойы тарихи ретроспективада қарауға жол ашады. Нормативті актілер талдауы келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

Біріншіден, ШЖМ-нің болуы отандық білім беру жүйесіне тән сипат болып отыр, мұндай мектептер кеңес заманында да болған, қазірде де жұмыс істеуде. Кеңес дәуірінде қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасында шамалы айырмашылықтар болды, бірақ 2000-шы жж. бастап бұл айырмашылық ұлғайып келеді (толығырақ Тарау 1.2 қарастырылған).

Екіншіден, ауылдық және қалалық мектептердің арасындағы теңсіздікті азайту мәселесі, ШЖМ санын қысқарту арқылы шешу көзделген. Мысалы, ҚР БҒДМБ сәйкес 2010 жылдан 2020 жылға қарай, ШЖМ негізінен бастауыш және негізгі орта деңгей үшін жұмыс істеуі тиіс болды. Ауылдық ШЖМ-ды қысқарту, мектебі жоқ ауылдардан мектеп оқушыларын оқу орындарына тасымалдаумен жүзеге асырылуда. Сондай-ақ интернаттар салу жоспарлануда.

Үшіншіден, ШЖМ-дағы білім беру сапасының проблемасы, Республикалық ШЖМ дамыту орталығының, тірек мектептердің (ресурс орталықтарының) қызметі, «Мобильді мұғалім» және «Уақытша отбасы» жобаларын жүзеге асыру есебінен шешілетін болады. Қашықтықтан оқыту технологияларының және цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу бойынша ілеспе бағдарламалардың дамуы, ШЖМ техникалық жабдықтарымен жарақтау және кең жолақты интернетке қолжетімділікті қамтамсыз ету мәселелеріне үлкен үміт артылады.

## 2.2 «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын іске асыру

Хронологиялық тұрғыдан алғанда, ауылдық және қалалық мектептер арасындағы білім беру сапасын теңестіруге бағытталған алғашқы шара «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасы болып табылады. Өкінішке орай, қазір Қазақстанда педагогикалық мамандықтарды бітіріп шыққан түлектердің жұмысқа орналасуын қадағалайтын жүйе жоқ. Дәл осы деректер болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығына қатысты стратегиялық жоспарлауды қамтамасыз ету үшін қажет. Жоғары оқу орындарының бітіріп кеткен түлектері бойынша жобалы, көп жағдайда жалпылама статистикалық мәліметтері, ҚР БҒМ мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында қордаланады. «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары О. Ордабаев жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін, түлектердің бір жыл ішінде 26% жұмыс таба алмайтындығы туралы ақпаратпен бөліседі. Мемлекеттік грант есебінен білім алған педагогикалық мамандық түлектерінің 65% білім беру ұйымдарында жұмыс істемейді<sup>70</sup>. Бұл бүгінгі педагог мамандарға деген сұраныс уақытындағы жағдай...

**«Қазақстан мұғалімдері: жастар неге бұл мамандықты таңдайды және олардың қалуына не түрткі болады?»** әлеуметтік сауалнамасының келесі қорытындылары келтірілген: әрбір бесінші мұғалімге ұстаздық оның негізгі әрі басымдықты таңдауы болған жоқ, әрбір үшінші жас мұғалім өз кәсібін басқа кәсіпке ауыстыруды көздейді және әрбір төртінші мұғалім жуық арадағы 5 жылдықта жұмыстан кетуді жоспарлайды<sup>71</sup>. Мұндай сүрең тұжырымдар, жалақыдан бастап мамандық мәртебесіне дейін, мектептегі психологиялық климаттан жас мұғалімдер мен тәлімгерлікті қолдау жүйесіне дейін және т.б. факторлардың тұтас кешенімен түсіндірілер еді.

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша мұғалім мамандығына келетін, жас мамандарда қандай проблема туындайды?

**ҚР Тұңғыш Президентінің бастамашылығымен «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасы 2009 жылдың 1 шілдесінен басталды. Бағдарламаның басты мақсаты – ауылдық жерлерді кадрлық потенциалды қажетті еңбек ресурстарымен – әлеуметтік саланың және агроөнеркәсіптік кешеннің жас мамандарымен күшейту.**

Бағдарламаға қатысуға білім беру, денсаулық сақтау, агроөнеркәсіптік кешен және т.б. бойынша білім беру бағдарламаларын өткен жоғарғы оқу орындары түлектерінің мүмкіндіктері бар. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы шеңберінде мемлекет жас мамандарға ауылдық жерлерде жұмыс істеуді және тиісті әлеуметтік қолдауды ұсынады: 100 АЕК мөлшерінде көтерме жәрдемақы төлеу, 0,01% сыйақы мөлшерлемесімен 15 жыл мерзімге, 1500 АЕК-тен аспайтын көлемде тұрғын үйге бюджеттік кредитін рәсімдеу мүмкіндігін береді.

Бағдарламаны іске асырудың 10-жылдық кезеңінде оның шарттарын 60 мыңнан астам адам қабылдады, 7,4 млрд. теңге жәрдемақыға қаражат бөлінді. 28 мыңға жуық


<sup>70</sup> 65% выпускников педагогических специальностей не работают в организациях образования – Ордабаев // [https://bilimdinews.kz/?p=106170&fbclid=IwAR2zka1C5JjGzTn\\_7U9hrBzgntYckgfuBzSgMtdHdDlvc9DHY4U-bstZQRO](https://bilimdinews.kz/?p=106170&fbclid=IwAR2zka1C5JjGzTn_7U9hrBzgntYckgfuBzSgMtdHdDlvc9DHY4U-bstZQRO)

<sup>71</sup> Аналитический отчет «Учителя Казахстана: почему молодые люди выбирают эту профессию и что их мотивирует оставаться в ней?»: Ирсалиев С. А., Камзолдаев М. Б., Ташибаева Д. Н., Копеева А. Т. – Астана: Общественное объединение «Центр анализа и стратегии «Белес», 2019. – Б. 65, 72.

маман тұрғын үй сатып алу үшін 70,6 млрд. теңге бюджеттік несиені алды. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын қаржыландыру жыл сайын өсуде, мысалы жеңілдетілген несиелеуге бөлінетін қаражат көлемі 2019 жылы төрттен бірге, 20 млрд теңгеге дейін ұлғайды<sup>72</sup>, сондай-ақ ағымдағы 2020 жылы да солай болмақ<sup>73</sup>.

Егер ауылдық елді мекендерді мамандық бөлінісінде, жас кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін қарастыратын болсақ, мынадай ерекшеліктерді байқауға болады:

**Диаграмма 11.** Ауылдарды кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету, мамандық бөлініс есебімен



Білім беру неғұрлым сұранысқа ие сала болып келеді және ауылдық мектептерге 42 745 адам (71,2%) жұмысқа орналастырылды. Екінші орында 12 705 адам (21,2%) таңдауы түскен, денсаулық сақтау саласы. Олардан кейінгі кезекте агроөнеркәсіптік кешен мамандықтары – 1 665 адам (2,8%) және мәдениет – 1 604 (2,7%) адам. Сұраныс шкаласын спорт – 863 (1,4%) және әлеуметтік қамсыздандыру – 483 (0,8%) салалары аяқтайды. Бағдарлама қатысушыларының жалпы санының 74% әйелдер құрайды және 70% қатысушылар – жас мамандар<sup>74</sup>.

Ағымдағы 2020 жылдың қаңтар-наурыз айларында жүргізілген далалық зерттеулер іс жүзінде әрбір ШЖМ-да «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша жас мамандар жұмыс істейтіндігін анықтады.

*«Бізде жастар көп, осы бағдарлама бойынша олардың көпшілігі мемлекеттен әлеуметтік қолдау алды».*

*«Бұл өте жақсы бағдарлама және бізде несиені, тұрғын үй алып, содан кейін қалаға кететіндер жоқ. Барлығы жұмыс істейді, өйткені біз қалаға жақын орналасқанбыз. Ал шалғайдағы ауылдарда, әрине жас кадрлардың жетіспеушілігі және олардың тұрақтамауы жоғары».*

<sup>72</sup> Тастанова Л. Дёшево и без залога // <https://time.kz/articles/zloba/2020/06/08/dyoshevo-i-bez-zaloga>

<sup>73</sup> 20 млрд тенге выделяют на финансирование ГП «С дипломом – в село» в 2020 году // <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/news/details/20-mlrd-tenge-vydelyat-na-finansirovanie-gp-s-diplomom-v-selo-v-2020-godu?lang=ru>

<sup>74</sup> Итоги года молодежи: Что поменялось в проекте «С дипломом – в село» // <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/news/details/vzyat-orientir-na-socialnoe-razvitie-sela?lang=ru>

Негізінен, ауылдық жерлерге педагогикалық мамандықтарды бітірген, бұрынғы мектеп түлектері жұмыс істеуге оралады. *«Бізде жас мамандар көп, бүгінгі таңда еңбек өтілі 5 жылға дейінгі 9 жас маман қызмет атқарады. Олардың басым көпшілігі өз мектебіміздің түлектері. Олардың бізде қалып жұмыс істейтініне қуаныштымыз».*

*«Жас мамандар бар. Олар негізінен өзіміз баулып өсірген жастар. Бұлар біздің түлектеріміз, ауылда қалуды жоспарлайды, баспана сатып алуда».*

Жалпы, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы өз міндетін орындады. Мысалы, 2009 жылға дейінгі ауылдарды жас мамандармен қамтамасыз етуді салыстыратын болсақ, онда бағдарламаны іске асырудың басталуымен олардың ағыны екі есеге ұлғайғандығын, жыл сайынғы өсім 3 300 адамнан 6 000 адамға дейін өскендігін байқаймыз. Олардың анағұрлым көп бөлігі Түркістан облысына (6 703), Алматы (6 253) және Батыс Қазақстан (5 184) облыстарына орнықты. Ал еліміздегі ең еңбек көзіне тапшы, мамандар дефицитін көріп отырған Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары саналады.

Мемлекеттік бағдарлама тұрақтылығының маңызды факторы ауылдарға келетін жас мамандардың қажеттіліктеріне, тиісінше бағдарлама шарттарының өзгеруіне тез ден қоюы болып табылады. 2009 жылдан бастап бағдарламаға қатысушылардың тұрғын үй сатып алуы үшін кредит беру көлемі 630 АЕК-тен 1500 АЕК-ке дейін ұлғайды, ветеринария мен агроөнеркәсіптік кешеннің білім беру бағдарламаларын қоса алғанда, мамандықтар санын ұлғайтты, жас мамандардың міндеткерліктерін орындау мерзімін 5 жылдан 3 жылға дейін қысқартты. 2019 жылы ауылдық жерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандар үшін жәрдемақы мөлшері 70 АЕК-тен 100 АЕК-ке дейін арттырылды<sup>75</sup>.

Дегенмен, ауылдарға келетін жас мамандардың, өңірлердегі бағдарламаны іске асыруға жауапты адамдардың бетпе-бет келетін қиындықтары әлі күнге дейін сақталып отыр.

Бағдарламаға қатысушылар кездесетін негізгі проблемалар, бюджеттен бөлінген қаражаттың жеткіліксіздігі және ауылдық жерлердегі жалақының төмендігі болып табылады. Бюджет қаражаты өңірлердегі кадр сұранысының 70-75%-ға жуығын жаба алады. Сондықтан, жаңадан келген мамандар үшін әлеуметтік көмек шараларын алу кезегі қалыптасады.

Бағдарламаның негізгі міндеттеріне әлеуметтік қолдау шараларын көрсету арқылы ауылдық елді мекендерде мамандарды бекіту кіреді. Жергілікті өкілеттілік және атқарушы органдардың құзыретіне жалақы мәселелері жатады. 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының **«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы»** Заңының 18-бабындағы 4 және 7-ші тармақтарына сәйкес, ауылдық мамандарға қызмет түрлеріне қарай қалалық жағдайда айналысатын мамандардың айлықақыларымен және тарифтік мөлшерлемелерімен салыстырғанда, кемінде 25%-ға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленуі мүмкін<sup>76</sup>.

Социологиялық сауалнама респонденттердің бірі «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша келген, ол Қостанай облысының ШЖМ-да биология пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады. Бағыт бойынша жас маман негізгі мектепке жұмысқа қабылданады, бірақ биология сағаты бір ставкаға жетпейді. «Барлығы аптасына шамамен 12 сағат шығады.

<sup>75</sup> «С дипломом – в село». Что поменялось в программе за 10 лет // <https://strategy2050.kz/ru/news/53517/>

<sup>76</sup> «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30015652#pos=696;-59](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30015652#pos=696;-59)



Тиісінше, жалақы аз, 80 мың теңгеден сәл артық». Ол әрі қарай бөлісе келе: «*Мен бір пән мамандығын бітірдім және аралас пәндерді жүргізе алмаймын. Сағаттар көбеюі үшін қосымша мамандық алу керек. Егер жалақы жоғары болса, онда бұл бағдарлама жас мамандар үшін өте тиімді. Бірақ менің табысыммен көп жағдайда үнемдеуге тура келеді, өйткені сатып алынған үй үшін несие төлеу қажет. Үлкен шығындар көбіне көмір, отын және басқа да қажеттіліктерді өтеуге және сатып алуға кетеді». Мұғалімдердің ортаға салған пікірлері бойынша: «ондай жерлерге (келешегі жоқ ауылдарға) 4 сағаттық химия үшін кімдер барады, не жалақы, не зертханалар, не жұмыс жағдайлары болмайды. Мұндай шағын мектепте жұмыс істеуге сұранатындар жоқ», дейді.*

Бүгінгі таңда біз ауылдардың және тиісінше ШЖМ-нің қысқартылуына жиі күә болып жүрміз. Халықтың миграциясы, көші-қоны, жұмыссыздық, ауылдық жерлердегі ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай, ауыл адамдарын қалаларға немесе қалаға жақын жерлерге кетуге мәжбүрлейді. Орта мектептер негізгі мектептерге айналады, кейін бастауыш мектепке төмендейді және көп ұзамай толығымен жабылады. Ал бұған дейін осы ауылдарға жолдамамен (бағдарлама бойынша) келген мұғалімдер жұмыссыз, әрі өз баспанасымен және сол баспанасы үшін өтелмеген несиесімен қалады.

Сонымен қатар, кейбір жоғары оқу орындарының түлектері «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы туралы хабардар емес. Жас мамандардың ауыл мектептеріндегі әлеуметтік қолдау мен мүмкіндіктер туралы ақпаратты білмеу проблемасы бар. «*Мен көтермелеу туралы ШЖМ-дағы жұмысымның екінші жылында ғана естідім. Өз ауылыма оралып, туған мектебімде жұмыс істеуге шешім қабылдағанда, мен сияқты адамдарға белгілі-бір артықшылықтар болуы мүмкін екенін білмедім*».

Тәжірибесі бар мұғалімдер, ШЖМ директорлары мен меңгерушілері сұхбат барысында: «*бұл бүгінгі таңда жалғыз жұмыс істейтін бағдарлама, бірақ еш қиындықсыз болмайды. Бағдарлама бойынша келгендер, мерзімді уақыттарының аяқталуын тағатсыздана күтеді және өз міндеттемелері аяқталғаннан кейін, қайта қалаға кетуге асығады. Шынында да, мектептегі психологиялық климат оларды күйзеліске ұшыратады, жастар шыдай алмайды*».

Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттарды рәсімдеу кезінде ауылдық жерлерге көшуге және жұмыс істеуге шешім қабылдаған мамандарды күйзелісті жағдай күтуі мүмкін. Бағдарламаны іске асыруда жергілікті билік органдары, бюджеттік жеңілдікті несиелеу үшін қаражатты бөлу кезінде сыбайлас жемқорлықтың, бюрократиялық есепті шығындардың бар екендігі айқындалды.

Прокурорлық тексеру әлеуметтік қолдау алуға үміткер мамандардың құқықтарына нұқсан келтірілгенін анықтады. Кейбір мамандарға көтерме жәрдемақы төлеуден негізсіз бас тартылған, бұл олардың заңнамада қарастырылмаған құжаттарын қисынсыз талап етуден туындағанын білдіреді. Жас маманды тұрғын үймен қамтамасыз етуге арналған бюджет қаражатын жергілікті атқарушы органдар басқа іс-шараларға ақы төлеуге пайдаланған фактілері анықталды. Нәтижесінде Бағдарламаны іске асыруға бөлінген және жас мамандардың ауылға келуін, жұмысқа орналасуын және тұруын ынталандыруға бағытталған республикалық бюджет қаражаты мақсатсыз пайдаланылған<sup>77</sup>.

Жастардың «Дипломмен – ауылға» бағдарламасына **қатысуының** негізгі стимулы жеке өз тұрғын үйін сатып алу мүмкіндігі болып табылады. Ұлттық экономика министрлігінің

<sup>77</sup> Жангазы Р. Анализ эффективности реализации Программы «С дипломом – в село» // <https://yvision.kz/post/635589>



статистикалық мәліметтері бойынша, 2016 жылы тұрғын үй сатып алуға 3 мыңға жуық (2 892) несие бөлінеді, ал 2018 жылы несие беру мөлшері 4 мыңнан (4 012) асады. Жас мамандар ең көп тұрғын үй алатын аймақтар Ақмола (502), Қызылорда (404), Батыс Қазақстан облыстары (428) болып отыр.

Алайда, несие бойынша шарттық талаптарды бұзу фактілері орын алған. Мәселен, 2010 жылдан бастап Ақмола облысында 84 млн теңгеге 119 маман, Қызылорда облысында – 67 млн теңгеге 166 несие алушы, Батыс Қазақстанда – 221 адам талапты бұзған. Жалпы, 2009 жылдан бастап несие шартының талаптарын бұзу мыңнан астам маманнан табылды<sup>78</sup>.

Жас мамандардың тұрғын үй сатып алуға, оның ішінде ата-аналарына тиесілі жеке тұрғын үйді немесе тұрғын үйді сатып алу – сату шарттарын жасасу арқылы негізсіз бюджеттік несиелер алған жағдайлары тіркелген<sup>79</sup>.

Жалпы бағдарлама бойынша келген мамандардың 95%-ы ауылда тұрады және жұмыс істейді. Бағдарламаға қатысушылардың шарттық міндеттемелерді бұзуының немесе орындамауының негізгі факторлары: отбасы жағдайының өзгеруі және басқа да отбасылық жағдайлар, жұмыс орнын ауыстыру, жұмыстан шығу немесе басқа елді мекенге көшу, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның дамымауына байланысты ауылдағы өмірдің тартымсыздығы болып табылады.

Ауылдық тұрғын үйдің теңгерімсіздігі және дамудан артта қалған нарығы, сондай-ақ кепілдікке берілген тұрғын үйлердің нарықтық бағаларының төлем көлемінен жиі жоғары болып шығуы, объективті проблемалар болып табылады. Кейбір ауылдардағы тұрғын үйлердің нақты құны бекітілген несие мөлшеріне сәйкес келмейді. Ауылдық елді мекендердегі баспана нарығы 1970-80 жылдары салынған тұрғын үйлерді ұсынады, ал жаңа тұрғын үйдің құны жоғары немесе ол мүлдем жоқ. Оның үстіне бюджеттік кредит қаражаты есебінен жаңа тұрғын үйлер салудың тиімді механизмдері қарастырылмаған.

Жоғарыда аталған проблемалардан басқа, шешілмеген бірқатар мәселелер бар. Бүгінгі таңда жас мамандар шарттық міндеттемелерін бұзған жағдайда көтерме жәрдемақы мен бюджеттік несиені қайтару рәсімі толық реттелмеген. Басқа ауылдарға көшу мүмкіндігі жоқ, Бағдарламаға қатысушылардың мобильділігі шектелген. Орын алған өрескел жағдайларды келтіруге болады. Мысалы, жас мұғалімдерге қатысты жасалатын құқық бұзушылықтар, жас мамандарды ауылдық елді-мекендерге тарту жөніндегі мемлекет саясаты мен мемлекеттік бағдарламалардың одан ары іске асырылуына қауіп төндіруі мүмкін<sup>80</sup>.

Дегенмен, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын іске асырудағы қазіргі қиындықтар жеке нысанды, оларды шешу жағдайды қысқа уақытқа өзгерте алады. Ауылдарды кадрлармен қамтамасыз ету, ауылдық мектептердегі білім беру сапасын арттыру – бұл кешенді шешімдерді талап ететін кешенді проблемалар. Жастарды ауылдық жерлерге тарту үшін, өркениеттілік тынысты өмір сүруге мүмкіндік беретін су құбыры, үздіксіз электр энергиясы, газ, жолдар, интернет, спорттық және мәдени объектілер сияқты ең маңызды қажеттіліктер мен сұраныстарды қанағаттандырушылық қолайлы орта жасау қажет. Ауыл

<sup>78</sup> Молодые специалисты задолжали государству сотни миллионов тенге по программе «С дипломом – в село» // <https://astanatv.kz/ru/news/45704/>

<sup>79</sup> «С дипломом – в село»: кому — перебор, а кому — ничего // <https://nadezhda.kz/2015/09/society/c-дипломом-в-село-кому-перебор-а-ком/>

<sup>80</sup> Молодую учительницу изнасиловали в селе Павлодарской области // <https://liter.kz/moloduyu-uchitelniczu-iznasilovali-v-s/>

тұрғындарының жағдайын жақсарту үшін: ауылдарда жұмыс орындарын құру, ауыл шаруашылығын дамыту және қайта өңдеу кәсіпорындарын жарақтандыруға болады<sup>81</sup>.

Бұл туралы ШЖМ мұғалімдері сұхбат барысында былай дейді: *«жастар ауыл мектептерінде қалмайды, себебі жағдай жоқ, олар өркениет бар жерлерге ұмтылады. ШЖМ-де жас мұғалімдер қалуы үшін: су, газ, интернет, байланыс орнығатындай, оны сезінетіндей ең қарапайым тұрмыстық жағдайлар жасалуы қажет».*

*«Жас мамандар инфрақұрылымы бұзылған, жолдары жоқ, тиісті медициналық қызметтері жоқ ауылдарға бармайды. Егер маман талантты болса, онда, әрине, оның таңдауы болады. Бізде физика пәнінің жас мұғалімі болды, ол қалаға, ғылыми орталыққа жұмыс істеуге кетті».*

Отандық экономист **Бейсенбек Зиябек** «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының экономикалық тиімділігіне күмән келтіреді. Ол ауылдық жерлерде жас мамандарды тарту үшін қажетті тұрмыстық, инфрақұрылымдық жағдайлар жасау жеткіліксіз деп санайды. Өндірісті жолға қою қажет. Егер ауылда, ауылдық өндірістік кәсіпорындардың саны өсіп, онда жұмыс істеу үшін жас мамандар жаппай тартылған жағдайда ғана, бұл бағдарлама экономикалық тиімді бола алады, – деп есептейді экономист<sup>82</sup>.

Осылайша, «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың оң үрдістерін, сондай-ақ қиындықтарын да атап өтуге болады. Мемлекет тарапынан жас мамандарға берілетін әлеуметтік қолдау шаралары: еңбекақыны арттыру, жеңілдікті шарттармен тұрғын үй сатып алуға ықпалдасу, көтерме жәрдемақылардың есебінен көші-қонға байланысты бастапқы мұқтаждықтарды еңсеру, бағдарламаның неғұрлым тартымды жақтары болып табылады. Жас мұғалімдерге шағын ұжымда тәжірибе жинақтауға, педагогикалық салада өзін көрсетуге мүмкіндіктер беріледі.

Жас мұғалімдердің жиі кездесетін қиындықтарының ішінде үлкен жүктеме мен есеп беру, ШЖМ-дағы сағаттары санының аз бөлінуі, осылардың салдарынан жалақының төмен мөлшерлілігі, жергілікті билік органдары тарапынан бюрократиялық және сыбайлас жемқорлық жағдайларының орын алып отыруын атап өтуге болады. Жас мамандардың ауылға келу ниетіне кері әсер беретін факторлар қатарына, жайлы өмір сүруге қажетті қарапайым тұрмыстық жағдайлардың, өсу мүмкіндігінің (кәсіби, мансаптық) төмендігін жатқызуға болады.

### 2.3 ШЖМ-нің оқу сапасын арттырудағы ресурстық орталықтардың ролі

Ауылдық ШЖМ жай-күйін зерделеу, бұл мектептерде балалардың білім алу қажеттіліктерін толық қанағаттандыру және жан-жақты дамуы үшін жағдайлар жоқ екенін, оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып, тереңдетілген және әрекетті оқытуды ұйымдастыруда қиындықтар бар екенін көрсетеді.

ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанында қол қойылған №1118 Жарлығымен 2011–2020 жылдарға арналған ҚР БҒДМБ 75-ші тармағын іске асыру нәтижесінде, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жанынан Шағын жинақты

<sup>81</sup> Атоянц-Ларина В. Без будущего // <http://expertonline.kz/a13204/>

<sup>82</sup> Лаханұлы Н. «С дипломом — в село». Как живут уехавшие по программе // <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-programma-s-diplomom-v-selo/30038197.html>

мектептерді дамыту республикалық орталығы құрылды<sup>83</sup>. Орталықтың негізгі міндеті педагогикалық процесті жетілдіруге және ШЖМ-ды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету қажеттілігін анықтауға бағытталған белсенді зерттеу жұмысы болып табылады. А. Т. Дүйсебектің басшылығымен шағын жинақты мектептерді дамыту Тұжырымдамасының жобасы дайындалды. Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының ШЖМ дамыту республикалық орталығы ресурстық орталықтармен және оларға бекітілген ШЖМ-мен белсенді ынтымақтастықта жұмыс жасайды, ШЖМ және ресурстық орталықтарды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша үйлестірушілік рөл атқарады<sup>84</sup>.

Шағын жинақты мектепте білім беру сапасының проблемаларын шешудің бір жолы тірек мектептер – ресурстық орталықтарды құру болды. ШЖМ дамыту тұжырымдамасында ресурстық орталықтың жалпылама анықтамасы ұсынылған.

**Тірек мектеп-ресурстық орталығы** – өзіне кіретін магниттік мектептердің, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, кәсіптік лицейлердің, сауықтыру-спорт кешендерінің, мәдени-демалыс орталықтарының, ауыл шаруашылығы зертханалары мен шеберханаларының қолда бар кадрлық, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік ресурстарын интеграциялы-жұмылдыратын, сол арқылы ауылдық жерлерде білім алушылардың білім беру процесінің дамуы мен сапасын қамтамасыз ететін, мақсаттары мен міндеттері ортақ біртұтас білім беру жүйесі<sup>85</sup>.

Ресурстық орталықтарды құру идеясы, 2011 жылғы Қазақстандық тұжырымдаманы енгізгенге дейін болған. Таяу және алыс шетелдерде бірнеше ондаған жылдар бойы белгілі-бір білім беру міндеттерін шешетін ресурстық орталықтар өз қызметін жүзеге асырып келді. Мұндай орталықтардың бірнеше түрін бөліп қарастыруға болады: қызметі біліктілікті арттыруға, кәсіптік білім беруге, қосымша білім беру аясында білім беру технологияларын және басқа дағдыларын дамытуға бағытталған ресурстық орталықтар. Білім беру саласындағы тәжірибе, орталықтардың тиімділігін көрсетеді.

Қазақстандағы тірек мектептерді институттандыру кезінде, бұрыннан қолданыстағы ресурстық орталықтардың жұмыс істеу тәжірибесі айналымға түсе бастады. Орта оқу орындарын біріктіретін және өз қызметін мектеп-кешендер ретінде (балабақша-мектептер, мектеп жасына дейінгі білім беру – білім беру шағын орталықтары, мектеп жанындағы интернат-мектептер, шағын орталық-мектептер), әлеуметтік-мәдени орталық-мектептер (ауылдық кітапханалардан, медициналық пункттерден, пошта, клубтан тұратын), агро-биологаториялық-мектептер (ауыл шаруашылығы бағыты бойынша тереңдетілген теориялық және практикалық дайындықты қамтамасыз етуші), оқытудың сыныптан тыс-сабақтық емес (оқыту процесін ұйымдастырудағы білім алушылардың әртүрлі жас құрамы қатысқан сабақтың ұжымдық оқу түрі) үлгісіндегі мектептер.

ШЖМ-ды дамытудың жоғарыда көрсетілген тұжырымдамасының жобасы негізіне, ресурстық орталықтар – тірек мектептердің барлық жүйесі сияқты Қарағанды облысының ресурстық орталықтарының жұмыс тәжірибесі алынды. Ауылда білім беру сапасының маңыздылығын ескере отырып, Қарағанды облысы қаржыландырудың тиімді тетіктері, ресурстық орталықтар моделі шеңберінде ШЖМ қызметін ұйымдастыру үшін локомотив және үлгі бола алды. Ауылдармен қатар, Қарағанды облысында жоғары оқу орындарымен

<sup>83</sup> 2010 жылғы 7 желтоқсандағы 2011–2020 жж. арналған ҚР БҒДМБ.

<sup>84</sup> Официальный сайт Национальной академии образования им. И. Алтынсарина // <https://nao.kz/index/fromorg/13>

<sup>85</sup> ҚР ШЖМ 2010–2020 жылдарға арналған даму Тұжырымдамасы (жоба).

әлеуметтік әріптестікті жүзеге асыратын қала мектептерінің базасында ресурстық орталықтар құрылды<sup>86</sup>.

### **Ресурстық орталықтар қызметінің негізгі бағыттары**

Шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарындағы білім беру сапасын арттыру мәселесі бойынша зерттеулер, оқу процесінің сапасын мониторингілеу нәтижелері бойынша ШЖМ-ның: апта сайынғы шағын жүктемелері, біріктірілген сыныптар үшін оқу-әдістемелік кешендердің және тірек мектеп-ресурстық орталықтардың қызметін реттейтін нормативтік құжаттар, шағын жинақты мектептерді дамыту жөніндегі өңірлік орталықтар туралы ережелер және т.б. өзекті проблемаларын анықтайды.

Ресурстық орталықтың қызметі, ауыл мектебінің маңызды міндеттерінің бірі – мектеп түлектерін қоғамда табысты әлеуметтенуі және еңбек нарығына белсенді бейімделуі бағытында даярлауы болып табылады. Бұдан басқа, ресурстық орталықтар 12 жылдық оқытуға көшу жағдайында ауыл мектептерінің білім алушыларын сапалы біліммен қамтамасыз етудің пәрменді, неғұрлым тиімді тетіктерінің бірі болуға тиіс болды. Атап айтқанда, ресурстық орталық жағдайында білім алушыларды оқыту жүйесі құрылады, оқытуды ұйымдастырудың саралануы мен даралануы дамиды, олар бір-бірімен байланыста бола отырып, бейінді оқытудың негізгі аспектілерін ашатын білім үрдісінің вариативтік бағдары пайдаланылады.

Ресурстық орталық, жеке алғанда ШЖМ-да жетіспейтін ресурстардың орнын толтыруға мүмкіндік беретін, жалпы білім беру кешенін құрайтын мектептер желісі болып табылады. Бейімделу типіндегі білім беру жүйесі бола отырып, ресурстық орталықтар психологиялық көмек, ұйымдастыруды саралау және оқуды индивидуализациялау-даралау сияқты қолдау түрлерін ұсынады. Бейінді білім беру процесі оқу жылы бойы үздіксіз жүреді және даярлық деңгейіне қарамастан білім алушылардың барлық контингентін қамтиды<sup>87</sup>.

Тірек мектеп – ресурстық орталықтардың базасында ШЖМ ақпараттық, кадрлық, оқу-әдістемелік ресурстары ықпалдастырылады, бұл бейіналды даярлық және бейіндік оқыту кезеңінде өте маңызды. Әр ресурстық орталықтың қарамағында бірнеше ШЖМ – магниттік мектептер бар. Білім беру процесі сессиялық және сессияаралық оқыту формасынан тұрады. Магниттік мектептердің балалары бір оқу жылында үш рет ресурстық орталықта білім алады. Тірек мектептегі сабақтар тәжірибеге бағытталған, өйткені оларда жаңа модификация кабинеттері, мультимедиялық жабдықтар, шығармашылық зертханалар мен шеберханалар бар. Он күндік курстың соңында оқушылар аралық және қорытынды бақылауды, яғни сессияны тапсырады. Сессияаралық кезеңдегі оқыту магниттік мектептерде, ресурстық орталық мұғалімдерінің қатысуымен және қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы жүргізіледі.

Функционалдық жүктеменің осындай спектріне байланысты ресурстық орталықтар жылдан жылға сан жағынан өсе бастады. Бұл келесі диаграммада көрсетілген.

<sup>86</sup> Иманғалиев Е. Качество образования – наш главный ориентир // Жастар. – 2011. – №1 (27). Режим доступа: <http://zhuldyz.kz/?type=magazine&iid=30&aid=751>

<sup>87</sup> Кривоносова И. А. Роль ресурсного центра в поддержке развития МКШ // Режим доступа: <https://multiurok.ru/files/stat-ia-rol-riesurnogho-tsientra-v-poddierzhkie-r.html>


**Диаграмма 12.** Қазақстандағы тірек мектептердің (ресурс орталықтарының) динамикасы

<sup>119</sup> Около 700 тысяч школьников нуждаются в компьютерах // [https://24.kz/ru/news/social/item/410101-okolo-700-tysyach-shkolnikov-nuzhdayutsya-v-kompyuterakh?fbclid=IwAR2yW1l-T5zMifwFGRhD72W5YCVob8zKkzPUEYJtiOoWYPpTzxRIX\\_pRu4g](https://24.kz/ru/news/social/item/410101-okolo-700-tysyach-shkolnikov-nuzhdayutsya-v-kompyuterakh?fbclid=IwAR2yW1l-T5zMifwFGRhD72W5YCVob8zKkzPUEYJtiOoWYPpTzxRIX_pRu4g)

<sup>120</sup> Бокаев Б. и Торебекова З. Оценка вовлеченности родителей в учебный процесс в период Covid-19: анализ социологического опроса (кейс Казахстана) // Казахстан – Спектр. – 2020. – № 2 (94). – С. 97–106.

<sup>121</sup> Microsoft. Transforming Education. Empowering the students of today to create the world of tomorrow. – P. 79–101 // <https://news.microsoft.com/uploads/prod/sites/43/2018/06/Transforming-Education-eBook.pdf>

**Инфографика 1. Электрондық құрылғылар және олардың мүмкіндіктері<sup>122</sup>**



Инфографика жеке смартфондар оқушылардың ойлау дағдыларын белсенді дамытпайтынын көрсетеді. Толық оқу процессіне ену үшін сізге кем дегенде ноутбук немесе дербес компьютер қажет. Бұл қоғамның өсіп келе жатқан «гаджетизациясы» цифрлық дағдылардың жоғары деңгейін көрсетпейтіндігін тағы да растайды.

<sup>122</sup> Microsoft. Transforming Education. Empowering the students of today to create the world of tomorrow. – P. 85 // <https://news.microsoft.com/uploads/prod/sites/43/2018/06/Transforming-Education-eBook.pdf>

Қашықтан білім беруді енгізу оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де компьютерлер мен ноутбуктерге деген мұқтаждықты анықтады. Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасының басшысы **Ш. М. Қадырова** ағымдағы жылдың 30 шілдесінде «Basty Prime» телебағдарламасында Еуразия арнасында сөйлеген сөзінде, тек елордада ғана 500-ге жуық мұғалім компьютерлерге мұқтаж екенін хабарлады. Қазақстан бойынша 24 мың педагогтың дербес компьютерлері және 2 мың педагогтың интернетке қолжетімділігі жоқ. Мектеп компьютерлері мұғалімдерге уақытша пайдалануға берілді<sup>123</sup>. Бұл мәселе 2018 жылы шешілуі керек еді. Білім беру жүйесін ақпараттандыру стратегиясына сәйкес, білім берудің барлық деңгейлерінің педагогтері дербес компьютерлермен және шеткері техникамен қамтамасыз етілуге тиіс болды.

Егер біз қазір пандемия кезінде және мәжбүрлі қашықтықтан білім алу кезінде осындай қиындықтарды бастан кешірсек, «дағдарыстан кейінгі» кезеңде бізді қандай салдарлар күтіп тұрғанын елестетудің өзі қорқынышты.

Covid-19 пандемиясының экономикаға дағдарыстық әсері – біз қазір бастан кешіп жатқан және бірнеше ондаған жылдар бойы сезінетін айқын салдарлар. Үлкен жасырын қауіптердің бірі – мәжбүрлі қашықтықтан оқытуға көшу білім деңгейінің төмендеуіне, адами капиталға әсер ететіндігінде. Білім деңгейінің барынша төмендеуі бастауыш сынып оқушыларында байқалады. Сарапшылар бүкіл оқу жылын өткізіп жіберумен салыстыруға болатын шығындарды болжайды<sup>124</sup>. Ең осал әлеуметтік топ – шалғайдағы ауылдық мектептердің, көп балалы және тұрмысы нашар отбасылардың балалары. Мұның себебі – интернетке және техникалық жабдыққа қол жетімділіктің болмауында, ата-аналардың табыс іздеумен айналысып және балаларды оқытуға тиісті көңіл бөле алмауында жатыр, сондай-ақ көп балалы отбасылардағы мектеп жасындағы барлық балаларға электронды құрылғылардың жетіспеушілігі тағы бар.

Дүниежүзілік банктің Қазақстан бойынша **«дағдарысты еңсере отырып»** экономикалық баяндамасында COVID-19 білім беру сапасына әсерін бағалау ұсынылды. 2018 жылғы PISA мәліметтеріне сүйене отырып, оқыту әдістеріне қол жетімділік және сараланған тиімділік туралы болжамдар (ең кедей отбасы оқушылары үшін 25% тиімділік, орташа табысты отбасы оқушылары үшін 50% тиімділік және ең бай отбасы оқушылары үшін 75% тиімділік), мектептер қысқа уақытқа жабылғаннан кейін оқу үлгерімінің алшақтығы 18%-ға (PISA 45-тен 53 баллға дейін) артады деген болжаулар беріледі<sup>125</sup>.

Әзірге ауылдық мектеп оқушылары мен тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балалар үшін қашықтықтан білім алу қолжетімсіз болып отыр. Сондықтан, өткен оқу жылының төртінші тоқсанындағы сияқты, жаңа 2020–2021 оқу жылында көптеген ШЖМ штаттық режимде жұмыс істейтін болады. Цифрлық теңсіздік білім беру теңсіздігінің өсуі үшін әлеует болып табылады, нәтижесінде ол мүліктік теңсіздікке әкеледі.

Білім беру сапасының төмендеуі ұзақ мерзімді өнімділік пен кірістің төмендеуіне әкеледі, бұл макро деңгейге әсер етеді. Егер оқушылар орта есеппен оқу сағаттарының

<sup>123</sup> Учителя в Казахстане временно получают компьютеры от школы // <https://www.zakon.kz/5034658-24-tysyachi-pedagogov-vremenno-poluchat.html>

<sup>124</sup> Костенко Я. Больная перемена: больше 50% школьников считают онлайн-обучение каникулами // <https://iz.ru/995078/iaroslava-kostenko/bolnaia-peremena-50-shkolnikov-schitaet-onlain-obuchenie-kanikulami>; Megan Kuhfeld, Beth Tarasawa. The COVID-19 slide: What summer learning loss can tell us about the potential impact of school closures on student academic achievement // [https://www.nwea.org/content/uploads/2020/05/Collaborative-Brief\\_Covid19-Slide-APR20.pdf](https://www.nwea.org/content/uploads/2020/05/Collaborative-Brief_Covid19-Slide-APR20.pdf)

<sup>125</sup> «Преодолевая кризис». Экономический доклад по Казахстану Всемирного банка. Лето 2020. – Б. 24–25 // <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/country/kazakhstan/publication/economic-update-summer-2020>

төрттен бірін өткізіп жіберетін қосымша оқу жылы табысты, 8–10%-ға арттырса, онда қашықтықтан оқыту табыстың 2–2,5%-ға тұрақты қысқаруына әкелуі мүмкін<sup>126</sup>.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің ұсынымдарына сәйкес, келесі оқу жылының бірінші тоқсаны онлайн-платформалар мен теледидарды пайдалана отырып, қашықтық режимінде өтеді. Білім министрі жаңа оқу жылына арналған жоспарларымен бөлісті: 1 қыркүйекте еліміздің барлық мектептері үшін оқыту қашықтық форматта басталады, Қазақстанның 7391 мектебінде 3,3 млн – нан астам адам, ал төменгі оқу орындарынан, шалғайдағы ауылдық ШЖМ (157 мың адам) қоспағанда, шамамен 2,6 млн адам қашықтықтан оқиды. Қатаң санитарлық шараларды сақтай отырып, бастауыш сынып оқушыларына «кезекші сыныптарға» (530 мың бала) бару мүмкіндігі беріледі<sup>127</sup>.

Осыған байланысты қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін кеңейту, оның сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет. Ол үшін интернет байланысының сапасын арттырып, мұғалімдер мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларды, әсіресе ауылдық жерлердегі балаларды техникалық құралдармен қамтамасыз ету қажет. Карантиндік шектеулер кезеңінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға назар аудару, оларға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану үшін техникалық жабдықтардың қолжетімділігін арттыру қажет.

Одан ары қарай реформалауға назар аудару керек, бірінші кезекте білім беру жүйесін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары туралы ойлану маңызды. Сонымен қатар, мектеп мұғалімдері мен оқушыларының АКТ мүмкіндіктерін тиімді пайдалануы үшін жағдай жасау – білім беру сапасын арттыру үшін маңызды ресурстардың бірі екені түсінікті. Сондықтан ең басым міндеттер спектрінде АКТ дамыту, оларды оқу процесінде және қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалімдердің кәсіби шеберлік деңгейін арттыру мәселесінде тиімді пайдалану өзекті болып қала бермек.

<sup>126</sup> Жусупова А. Они учились при COVID-19: спасет ли школьников “дистанционка”? // <https://ekonomist.kz/zhussupova/onichilis-pri-covid-19/?fbclid=IwAR38bMpy4eNPOTCKM9SvQaZqortbXgKiWg8ZiKvxBbmclTtsi57O5ZL529U>

<sup>127</sup> К новому учебному году Правительство обеспечит компьютерами 500 тыс. учеников из наиболее нуждающихся семей // <https://primeminister.kz/ru/news/k-novomu-uchebnomu-godu-pravitelstvo-obespechit-kompyuterami-500-tys-uchenikov-iz-naibolee-nuzhdayushchih-semey-47849>

### 3. ШЖМ-де білім беру сапасын арттыру бойынша келелі реформалар

Қазақстанда бірнеше жыл бұрын басталған және қазіргі кезеңде белгілі-бір аралық нәтижелері бар көптеген жобалар мен бағдарламалар іске асырылуда. Олар туралы алдыңғы тарауларда айтылды. Сонымен қатар, мақсаты ауыл мектептерінің, оның ішінде ШЖМ-нің сандық-сапалық сипаттамаларын арттыру болып табылатын жаңа реформаторлық курстарға бастамашылық етілуде. Бұл білім беру жүйесін басқару мен қаржыландырудың барлық жүйесіне, барлық ауыл тұрғындары мен ауылдық жерлерге қатысты ауқымды өзгерістер, сондай-ақ ШЖМ-ды қайта құруға бағытталған нақты өзгерістер, мысалы, «мобильді мұғалімдер» және «уақытша отбасы» жобалары.

#### ***Білім беру саласындағы басқару жүйесін өзгерту***

Тиімді және сапалы білім беру – білім беруді басқару жүйесін ұйымдастырудың оңтайлылығына байланысты санаттар. Аудандық, қалалық және облыстық білім беру органдарының жұмысы мен өзара іс-қимылы ұзақ уақыт бойы сарапшылар қауымдастығының сынына айналды. Бүгінде барлық өңірлік білім басқармалары әкімдіктерге бағынады.

2021 жылдан бастап білім беруді басқару өзгереді. Аудандар мен қалалардың барлық білім бөлімдері облыстық басқармалар ведомствосына өтеді, бұл ҚР БҒМ-нен әрбір білім беру мекемесіне дейінгі жолды қысқартады. Тиісінше, қаржыландыру облыс орталығынан жүргізіледі. Өңірлік білім басқармаларының басшыларын аудандық және қалалық әкімдер емес, облыстық білім басқармасының басшысы тағайындайды.

*«Мысалы, Қостанай облысының өзінде 20 аудан мен қала бар, сәйкесінше, сонша әкім бар. Білім бөлімдері облыстық білім басқармасының бақылауына өткен жағдайда шешім қабылдау орталықтарының саны 20 есе қысқарады»* – деп түсіндірді Білім министрі **А. Аймағамбетов**<sup>128</sup>.

Басқарудағы өзгерістер білім беру ұйымдарындағы жағдайларды теңестіруге көмектеседі. Қазақстанда оқу жетістіктерінің сапалық сипаттамасы өңірлер бойынша да, бір ауданның немесе облыстың мектептері арасында да ерекшеленетіні белгілі. Басқару мен қаржыландырудағы айырмашылықтарға байланысты кітаптар мен оқу материалдарымен, жаңа модификацияланған кабинеттермен, компьютерлермен немесе жөндеу жұмыстарымен қамтамасыз ету деңгейінде айырмашылықтар бар. Осыдан білім беру саясатын имплементациялаудың тиімділігі бұзылады, қаржыландыруда сәйкессіздік орын алады және т.б. Сондықтан басқару орталықтандырылып жүзеге асырылады, қаржыландыруды теңестіру және арттыру кешенді түрде шешілетін болады.

Алайда, мұндай әкімшілік реформалау ҚР БҒМ-ге көп деңгейлі жүктеме әкеледі. Ведомстволық министрлік өсіп келе жатқан міндеттерді қаншалықты тиімді орындаса, барлық мектептердің жан басына шаққандағы қаржыландыруға қаншалықты тез және ауыртпалықсыз көшетінін, білім беру мекемелерін цифрлық қамтамасыз ету аяқталатынын және т.б. көрсетеді.

<sup>128</sup> Со следующего года изменится система управления сферой образования – Аймағамбетов // <https://bilimdinews.kz/?p=112242>

### **ШЖМ жан басына шаққандағы қаржыландыру**

ШЖМ-ды қаржыландыру мәселесі «шағын жинақтылық» ұғымын санаттаумен негізделген. 2010 жылы ЮНИСЕФ «Қазақстан Республикасының мектептерін жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдіснамасын әзірлеу» зерттеуінің нәтижелерін, ал 2013 жылы Армения, Грузия, Ресей және Ұлыбритания сияқты елдердің тәжірибесі негізінде осы проблеманы шешудің тәсілдері қаралған қорытынды есепті ұсынды.

Қазақстандағы орта білім беру жүйесі ШЖМ санының көптігімен сипатталады. ШЖМ-ның басты ерекшелігі сынып-жиынтықтар және сыныптардың төмен толықтырылуы болып саналады. Қалалық мектептер үшін қаржыландыру нормативтерін айқындау бір білім алушы есебімен есептеледі.

ШЖМ үшін қаржыландырудың осындай нормативін қолдану түбірімен дұрыс болмайды, себебі сыныптағы оқушылар санының аздығынан және біріктірілген сыныптардан басқа, ауылдық ШЖМ-да басқа да көптеген проблемалар бар. Мысалы, әлсіз материалдық-техникалық база, мектеп ғимараттарының жай-күйі жиі күрделі жөндеуді талап етеді, көптеген ШЖМ мектебі жоқ жақын маңдағы ауылдардан білім алушыларды тасымалдауды жүзеге асырады, ШЖМ-да қосымша жұмыс істейтін және қаладан немесе басқа ауылдан келетін мұғалімдер сабақ жүргізеді.

Сондықтан ШЖМ үшін ЮНИСЕФ қаржыландыру нормативін бір оқушыға емес, бір сыныпқа есептеу арқылы анықтауды ұсынады<sup>129</sup>.

Ауылдарда, соның ішінде ШЖМ-де жан басына қаржыландыруды енгізу мүмкіндігін ҚР БҒМ «Қаржы орталығы» АҚ операторы арқылы қарастыруда. Бұл орталықтың президенті **Асқар Ибраимов** заңды тұлғалар кешенін бір заңды тұлғаға біріктірген кезде, бірнеше шағын ШЖМ бір ірі мектепке қосылған кезде мүмкін болады деп бөліседі. Мұнда бірыңғай бюджет болады. Ірі мектептің, ресурстық орталықтың немесе тірек мектептің директоры (біз бұл мектептерді қалай атасақ та) оған есеп беретін басқа ШЖМ тағдыры үшін жауапты болады, мектептердің бүкіл желісі бірыңғай бюджетте болатын болса, онда ол осындай мектептерде оқу процесін тасымалдау, интернат салу, басқа да түрлі шаралар арқылы оңтайлы ұйымдастыруға ынталандырады. Бұл мектептерге ақша түскенде, басшы қайда және не үшін қаражат салу керектігін білетін болады, тиімсіз ШЖМ-ды жоюдан, қаражатты қай жерде оңтайландырудан қорықпайды. *«Кезекті ШЖМ жабылған кезде көбінесе наразылықты дәл осындай мектептерде жұмыс істейтіндер, ал сол ауылда тұратын және осы мектепте жұмыс істейтін 10-15 адам үн қосады»*, – деп есептейді А. Ибраимов<sup>130</sup>.

<sup>129</sup> Разработка методики подушевого финансирования организаций общего среднего образования и пилотная апробация предложенной модели. Заключительный отчет ЮНИСЕФ. – Астана, 2013. – Б. 16–17, 23.

<sup>130</sup> В фокусе развития сельских школ. Круглый стол // [https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=2397881283614676&id=100001784833433/](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=2397881283614676&id=100001784833433/)



### **«Мобильді мұғалімдер»<sup>131</sup>**

2020–2021 оқу жылында ШЖМ-де «мобильді мұғалім» жобасын іске асыру жоспарлануда.

**Мобильді мұғалім – бірнеше елді мекендердің ШЖМ-де виртуалды алмасу, жол жүру сипатындағы Педагогикалық қызметті жүзеге асыратын педагог қызметкер. Жалпы білім беретін мектептің педагогы шалғайдағы ШЖМ-де қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық инварианттық компоненттің сұранысқа ие оқу пәндері бойынша оқу сабақтарын жүргізуге мүмкіндігі болады.**

Бүгінгі күні Қазақстанда ресми деректерге сәйкес ауылдық мектептерде 2 593 қосымша мұғалім, оның ішінде ШЖМ-1124 мұғалім бар. Осыдан ақылға қонымды сұрақ туындайды: егер қосымша мұғалімдер болса, мобильді мұғалімдердің қажеттілігі неде?

Біріншіден, мобильді мұғалімге белгілі бір талаптар қойылады – жоғары білімінің, кемінде үш жыл педагогикалық өтілінің, білім алушылардың оқу пәні бойынша және сабақтан тыс уақыттағы оқу жетістіктерінің жоғары нәтижелерінің болуы шарт. Қосымша мұғалімдер біліктілік санаты мен кәсіби тәжірибесі жоқ мұғалімдер де бола алады.

Екіншіден, мобильді мұғалімнің негізгі қызмет орны, ШЖМ мектебі сияқты оның қызметіне бақылауды жүзеге асырады және мобильді мұғалімдердің жұмыс кестесін ескере отырып, икемді кестені қарастырады. Қосымша мұғалімдердің мәңгілік басы ашық мәселесі икемді сабақ кестесінің болмауы.

Үшіншіден, ШЖМ мобильді мұғалімі қозғалыс бағытын өзі анықтайды, білім алушылардың оқу пәні бойынша үлгерімінің сапасын қамтамасыз етеді, оқу пәні бойынша сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастырады. Қосымша мұғалімдер үшін басты міндет-сабақтар өткізу және пән мұғалімдерінің қажетті жағдайда орын-алмастыруын қамтамасыз ету.

Осылайша, жобаның басты мақсаты білікті мобильді мұғалімдер арқылы ауылдық ШЖМ білім алушыларының сапалы білім беру қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады. Алайда, болжамды жобада оң сәттер де, белгілі бір қауіптер де бар.

Жобаның артықшылығы МЖМБС орындау, ШЖМ сапалы білім беру қызметтеріне қол жеткізу, ШЖМ жоғары білікті педагогикалық кадрларға қажеттілік проблемасын шешу, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайту, ШЖМ мобильді мұғалімінің озық педагогикалық тәжірибесімен алмасу және тарату болып табылады.

Жобаны іске асырудағы тәуекелдерге кедергі болатыны жобаны нормативтік-құқықтық сүйемелдеудің болмауы, ШЖМ мобильді мұғалімінің жалақысын арттыру үшін қосымша қаржыландырудың болмауы, ауылдар арасы мен күрт континенталды ауа райы, үлкен қашықтыққа байланысты ықтимал форс-мажорлық жағдайлар жатады.

«Мобильді мұғалім» жобасынан басқа менеджмент, педагогикалық қолдау, оқу-әдістемелік мазмұн және табысты тәжірибені тарату мәселелерінде «тиімділігі төмен ауыл мектептеріне ірі мектептердің қамқорлығын» ұйымдастыру жоспарлануда.

<sup>131</sup> «Мобильді мұғалім» жобасы бойынша материалдар Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының шағын жинақты мектептерді дамыту орталығымен ұсынылды.

### **«Уақытша отбасы»**

ШЖМ ауыл мектептерінің жартысын құрайды, 1-сыныптан бастап балалар аудан орталықтарының мектептерінде оқуға және интернаттық жағдайда тұруға мәжбүр. Мұндай интернаттардың пайдасыздығы балаларды жабдықтауға, тұруға, тамақтандыруға, штатты ұстауға және т.б. шығындар есептеулерімен дәлелденді, кейде мұғалімдер мен тәрбиешілер штаты интернаттағы тәрбиеленушілердің өздеріне қарағанда көп. Сонымен қатар, интернатта тәрбиелеу – бұл балаларды отбасынан ажырату, отбасылық тәрбие құндылықтарының жоғалуы деп қарастыруға да болады.

Солтүстік Қазақстан облысындағы 485 мектептің 380-і ШЖМ. Оның жартысына жуығы (180 ШЖМ) мемлекеттік нормативтерге сәйкес келмейді. Оқу жүктемесінің төмендігіне байланысты ауылдық ШЖМ-де 214 қосымша мұғалім жұмыс істейді. 229 ауылдық елді мекенде мектептер жоқ, сондықтан балалар жақын маңдағы ауылдардағы мектептерге оқуға тасымалданады. 1 360 бала мектеп жанындағы 55 интернаттарда тәрбиеленуде. Мұндай интернаттар ауыл мектептерінің ғимараттары ішіндегі бейімсіз үй-жайларда орналасқан, әрі балалардың тұруы үшін қажетті жағдайлар жасалмаған<sup>132</sup>.

Солтүстік Қазақстан облысында 2019 жылдың қаңтарынан бастап «уақытша отбасы» әлеуметтік пилоттық жобасы енгізілді және іске асырылуда, ол елді мекендердегі балаларға толық жинақты мектептерде оқуға және бұл ретте интернатта емес, отбасында тұруға мүмкіндік береді<sup>133</sup>.

**«Уақытша Отбасы» – шағын елді мекендердегі оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің интернаттық жүйесінің баламалы нысаны. Мектеп жасындағы балаларды бір оқу жылына тәрбиелеуге қабылдайтын уақытша отбасы, олар үшін толық жауапты болады.**

**Пилоттық жобаның мақсаты – шағын елді мекендердегі балалардың сапалы білімге қол жеткізуі, «уақытша отбасында» баланың өмір сүруіне оңтайлы, қолайлы жағдай жасау және балаларға отбасылық қолайлылықты сақтауға ықпал ететін психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету, балаларды еңбекке дағдыландыру.** Бұл балалар интернат жағдайындағыдай болмайды<sup>134</sup>.

Балаларды уақытша отбасына беру алгоритмі, критерийлері мен талаптары әзірленді, сәйкесінше олар мынадай құжаттарды: кандидаттың ғана емес, жұбайының немесе зайыбының денсаулық жағдайы туралы анықтаманы, наркологиялық, психиатриялық, туберкулез, тері-венерологиялық диспансерлерден анықтаманы, сотталмағандығы туралы анықтаманы және басқаларды ұсынуы тиіс.

Осы талаптардың барлығы орындалған жағдайда ғана шешім қабылданады және ата-аналар, «уақытша отбасы» және мектеп арасында баланы уақытша отбасына беру туралы үшжақты келісім жасасады. «Уақытша ата-аналарға» үміткерлердің арасында дәрігерлер, мұғалімдер, мектеп директорлары, учаскелік инспекторлар, яғни ақша табу мақсатын көздемейтін, бірақ балалар үшін жақсы үй жағдайларын жасауға қабілетті адамдар тартылады.

<sup>132</sup> Наумова Н. Дети из малокомплектных школ СКО на период учёбы живут во «временных семьях» // [https://baigenews.kz/news/deti\\_iz\\_malokomplektnih\\_shkol\\_sko\\_na\\_vremya\\_uchebi\\_zhivut\\_vo\\_vremennih\\_semyah/](https://baigenews.kz/news/deti_iz_malokomplektnih_shkol_sko_na_vremya_uchebi_zhivut_vo_vremennih_semyah/)

<sup>133</sup> Чернышова Е. В СКО проект «Временная семья» стал альтернативой пришкольным интернатам // [https://express-k.kz/news/na\\_mestakh/v\\_sko\\_proekt\\_vremennaya\\_semya\\_stal\\_alternativoy\\_prishkolnym\\_internatam-141999](https://express-k.kz/news/na_mestakh/v_sko_proekt_vremennaya_semya_stal_alternativoy_prishkolnym_internatam-141999)

<sup>134</sup> Испанова Н. Чувствуйте себя как дома // <https://www.kazpravda.kz/fresh/view/chuvstvuite-sebya-kak-doma>

Сондай-ақ, бұл жоба тартымды, өйткені баланы интернатта ұстауға жұмсалатын қаражат уақытша отбасына қайта бөлінеді. Баланы күтіп-бағуға және жалақыға ақшалай қаражат төлеуді «уақытша отбасының» тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органдар жүргізеді. 2019 жылы жалақы орта есеппен 45 мың теңгені және әрбір кәметке толмаған баланы ұстауға, оның ішінде витаминделген тамақтануға 7 АЕК-ті бөлінеді<sup>135</sup>.

Оқу процесі барысында мектеп инспекторлары, учаскелік инспекторлар, әлеуметтік педагогтер, психологтар «уақытша отбасыларда» тұратын балаларды сүйемелдеп жүруді жүзеге асырады. Отбасыларға жүйелі түрде барады, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексереді. Барлық отбасыларда сабақ пен демалыс үшін тиісті жағдайлар жасалғаны, күн тәртібі бақыланатыны анықталады. Балалар оқитын мектептер «уақытша отбасыларға» психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға көмек көрсетеді.

2019 жылы жоба 6 ауданда енгізілді, 120-дан астам бала 101 отбасына қабылданды, 2020 жылы – 150 бала, 2021 жылы «уақытша отбасыларда» тұратын оқушылар санын – 184-ке дейін, 2022 жылы – 217-ге дейін, 2023 жылы – 254, 2024 жылы – 282, 2025 жылы – 314-ке дейін арттыру жоспарлануда<sup>136</sup>.

«Уақытша отбасы» идеясын ҚР БҒМ қолдады. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен бірлесіп жобаны енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар құрастырылады. Бұл аталған жобаның болашағы туралы куәландырады, яғни ол аймақтағы және республикадағы ШЖМ-ді одан әрі дамыту стратегиясын анықтауға көмектеседі.

<sup>135</sup> Жумалиева З. Проект «Временная семья» намерены внедрить по всей стране // <https://liter.kz/3153-proekt-vremennaya-semya-namereny-vnedrit-po-vsey-strane/>

<sup>136</sup> «Солтүстік Қазақстан облысының 2019 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2020 жылға арналған негізгі міндеттері туралы» Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақаловтың есебі // <https://izdatelstvo-sk.kz/new/otchyot-akima-severo-kazahstanskoj-oblasti-kumara-aksakalova/>

#### 4. Саясат опциялары мен нұсқалары

Орта білім беруді жаңғыртуға бағытталған мектептегі заманауи реформалар ауылдық осал мектептердің ерекшеліктерін ескеруге тиіс. Орта білім берудің барлық жүйесіне арналған ауқымды мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларды ШЖМ-де іске асырудың өзіндік ерекшелігі бар. Олар ауылдық ШЖМ қызметінің көптеген аспектілеріне әсер етеді, бірінші кезекте – ұсынылатын білім сапасына және шағын жинақты мектептердің алдағы тағдырын анықтайды.

Саясаттың нұсқаларын қарастырмас бұрын, қазіргі мектеп реформалары жүзеге асыратын дискурстар мен әдістердің әлсіз тұстарына тоқталу керек. Сонымен қатар, білім беру реформаларын қала мен ауылға қатысты болатын саяси тенденциялармен байланыстыру маңызды болып көрінеді. Елімізде жүргізіліп жатқан реформаларды талдау оларды ауылдық ШЖМ-де іске асырудың кейбір ерекшеліктерін белгілеуге мүмкіндік береді.

##### ***«Нөлдiк жаңғырту» немесе қаржыландыруы жоқ реформалар***

Ауылдық білім беру жүйесінде бюджетте ешқандай қаржылық қаражат көзделмеген жобалар іске асырылуда. Мысал ретінде ресурстық орталықтардың қызметін және «мобильді мұғалім» жаңа жобасын келтіруге болады.

Тірек мектептер – ресурстық орталықтардағы жұмысты ұйымдастыру бойынша барлық жүктеме олар локализацияланған мектептердің басшылары мен педагогтарының мойнына түседі. Құжаттама мен есептілікті жоспарлау, енгізу жөніндегі негізгі қызметті тірек мектептердің меңгерушілері жүзеге асырады. Алайда, мұндай функционалдық жүктеме үшін төлем жасалмайды. ШЖМ-дан оқушыларды тірек мектептерге тасымалдау жергілікті бюджеттерден қаржыландырылуы тиіс, бірақ көбінесе мұндай қажеттіліктерге қаражат қалдық қағидаты бойынша бөлінеді. Сондықтан ШЖМ директорлары көбінесе оқушыларды ресурстық орталыққа өз қаражаты есебінен апарды немесе балалар бұл орталыққа жете алмайды. Дегенмен, ҚР 2020–2025 жылдарға арналған жаңа МБРОН бұрынғы сияқты, ШЖМ-дағы білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін маңызды институттар ретінде тірек мектеп - ресурстық орталықтар желісіне үлкен үміт артады.

«Мобильді мұғалім» жобасын табысты іске асыру үшін нормативтік сүйемелдеу және қаржылық қолдау қажет. Арнайы мәртебе мен жалақыға үстемеақыны құқықтық бекітусіз, мобильді мұғалім қосымша мұғалімнен ерекшеленбейді. Әзірге жоба 2021 жылы ешқандай айқын айырмашылықтарсыз жүзеге асырыла бастайды. Мобильді мұғалім өз қаражатын ШЖМ-ге дейін жол жүруге жұмсайды және бірдей жалақы алады. Әрине, мұндай тәсіл ШЖМ-дағы білім сапасының өзгеруіне әсер ете алмайды.

Жүйе жеткіліксіз қаржыландырумен жұмыс істей алады, бірақ тек инерция жағдайында. Егер жүйені инерциялық күйден шығаратын факторлар пайда болса, жүйенің теңгерімсіздігі орын алса, жеткіліксіз қаржыландыру әсері күшейеді<sup>137</sup>. Бұл әсіресе ұлттық және халықаралық агенттіктердің мектеп оқушыларының жетістіктерінің сапасын бағалаудан көрінеді.

<sup>137</sup> Двенадцать решений для нового образования. Доклад Центра стратегических разработок и Высшей школы экономики. Москва, 2018. – С. 15–16.

### **«Еселі жаңғырту» немесе ШЖМ педагогтерінің жүктемесін екі есе арттыратын реформалар**

2020–2021 оқу жылында еліміздің барлық мектептері мен сыныптары жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқитын болады. 4-5 жыл ішінде мектептегі әр мұғалімге қатысты ауқымды реформалар өтті. «Жаңарту» қағидаттары мен тәсілдері ШЖМ-ның талаптарына жақсы сәйкес келеді (сынып-жинақтардың болуы, білім алушылардың шағындылығы, аралас мамандықтар бойынша біліктілігі бар педагогтар). Алайда, алғыс айтудың орнына біз мұғалімдердің, оқушылардың және олардың ата-аналарының жаңа реформаға қатысты шағымдарын жиі естиміз.

Жаңа жағдайда сабақ өткізу үшін көп қаражат пен технологиялық шешімдер қажет, бұл ауылдық ШЖМ-де жоқ. Көптеген ауылдық мектептерде параллель сыныптар жоқ, сәйкесінше толық педагогикалық жүктемені алу үшін мұғалім бірнеше пәндер мен көптеген сабақ жоспарларын қабылдауы керек. Осы жерден «жаңарту» сабақтарына дайындықтың салмағы ауырлай бастайды.

НЗМ-нің озық тәжірибесін қарапайым мектептерге тарату басталған сәттен бастап орта білім беру мазмұнын жаңарту жөніндегі оператор ретінде әрекет ететін «жетекші мектептер» желісі құрыла бастады. Жетекші мектептер тірек мектептер негізінде құрылды. Алайда, әдеттегідей, тараптардың келісімінсіз бұл жаңалық «жоғарыдан» төмендетілді. Қызметті ұйымдастыру принципі тірек мектептердегідей, бірақ басқару орталығы бөлек, жұмыс мазмұны бірдей. Осылайша, ШЖМ және тірек мектептер, жетекші мектептер, локализацияланған мектептер ақы төленбейтін бірнеше есе артық жүктемелерге ие болды.

Білім беруді цифрландыру көбінесе мұғалімнің жұмысын жеңілдетудің орнына жаңа жүктемелерге және уақыт пен жеке қаражаттың қосымша шығындарына әкелді.

Отандық орта білім беру жүйесіне қатысу және ҚР БҒМ тарапынан Bilim Land интерактивті білім беру онлайн-платформасын қолдану әрбір нақты мектептің оқу процессінде тиімсіз шараларға алып келді. Әр сабақта мұғалім онлайн-платформаның мазмұнын пайдалануға міндетті, ал қажетті материалды табу үшін интернеттің төмен жылдамдығына байланысты көп уақыт жоғалтады. Көптеген ШЖМ мұғалімдері бос формальдылық үшін Bilim Land-қа жүгінеді, сондықтан бұл ресурс көбінесе оқу процессінің сапасын арттыру үшін емес, талап етілетін бақылау саны үшін пайдаланылады (өтініштер саны-мектептер мен білім бөлімдерінің рейтинг индикаторларының бірі).

Kundelik электронды журналын енгізу арқылы, ауыл мұғалімдеріне қосымша ақы төленбейтін жұмыс қосылды. Белгілі болғандай, мұғалімдерді қағазбастылықтан босататын бұл жоба, керісінше, ақы төленбейтін жұмыстың өсуіне әкелді. Сонымен, сынып жетекшісі мен пән мұғалімі бұл журналды оқушы үшін де, ата-ана үшін де толтыруы керек, өйткені көптеген ауыл тұрғындарының интернетке шығу мүмкіндігі жоқ. Bilim Land-қа уақтылы жүгіну және Kundelik-ті толтыру бойынша талаптарды орындау үшін ШЖМ мұғалімдері квест-ойынмен салыстыруға болатын қиындықтарды жеңуге: қол жетпейтін жерлерде, төбелерде, үйлердің шатырларында, ауылдардағы интернет-байланысқа қол жеткізудің басқа да нүктелерінің ізіне түсуге мәжбүр.

### **«Жаңғыртуға ілікпеген» немесе ШЖМ-ге «жете алмаған» технологиялар**

Алдыңғы тарауларда біз ШЖМ-ді АКТ-мен қамтамасыз етудің парадоксалды жағдайын сипаттадық. ШЖМ-де бір компьютерге 4 оқушы келеді, қала мектептерінде бұл көрсеткіш бір компьютерге 11 оқушыдан келетін. Алайда, егер еліміздің барлық мектептерінде компьютерлердің жалпы санының 35%-дан астамы ауыстырып жаңартуды қажет етсе, онда ауылдық мектептер мен ШЖМ-де бұл көрсеткіш 80%-ға дейін жетеді. Қазақстанда ШЖМ-нің 70%-ға жуығы 4 Мбит/с төмен жылдамдықтағы интернетпен қамтамасыз етілген<sup>138</sup>. Бірақ, ақпараттық платформаларда берілген цифрлық білім беру ресурстарын толыққанды пайдалану, сабақтарды қашықтықтан немесе онлайн форматта өткізу үшін Интернеттің мұндай жылдамдығы жеткіліксіз.

Жоғары сапалы жабдықтың және кең жолақты Интернетке қол жетімділіктің болмауы оқу, ұйымдастырушылық және әдістемелік сипаттағы көптеген проблемаларды туындатып отыр.

Білім берудегі ресурстық мәселелерді шешу 1990-шы жылдардың соңында кезек күттірмейтін мәселе болды, 2011 жылдан бастап білім беруді ақпараттандыру және цифрландыру бойынша нақты шаралар қабылданды. Тек 2016 жылдан бастап цифрландырудың мұқтаждықтары үшін жергілікті атқарушы органдар шамамен 28 миллиард теңге алды. Оның ішінде, 12 миллиард теңге – 6 152 мектеп үшін мультимедиялық жабдықтар сатып алуға, 12,1 миллиард теңге – 7 160 мектепті интернетпен қамтамасыз етуге, тағы 4,4 миллиард теңге – 7 160 мектепті цифрлық білім беру ресурстарына қосуға жұмсалды<sup>139</sup>.

Бірақ қазіргі уақытта жағдай күрделі. Форс-мажорлық жағдайлар немесе Н. Талейб COVID-19 пандемиясы мысалында «қара аққулар» деп атаған факторлар орын алған тұста, E-learning және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларына бөлінген миллиардтық қаражаттардың игерілгені, ал мектептердің, соның ішінде ШЖМ-нің компьютерлік жабдықпен нашар қамтамасыз етілуі және әлсіз интернетті жағдайының ешбір өзгеріссіз қалғаны анықталып отыр.

### **«Қасапты жаңғырту» немесе ШЖМ-ді жою мүмкін реформалар**

**Н. Ә. Назарбаев** өзінің 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына соңғы Жолдауында төмендегідей тезис ұсынды... «*Инфрақұрылым адамдарға*» моделінен «*адамдар инфрақұрылымға*» моделіне бірте-бірте көшу қажет<sup>140</sup>. Бұл ауылдық елді мекендер іріленіп, ауылдар санының қысқаратынын білдіреді. Жағдай ауыл мектептерінің тағдырына тікелей әсер етеді, демек шағын жинақты мектептер санының қысқаруына да әкеледі.

Урбанизация бағытындағы аумақтық даму саясаты 2006 жылы жарияланды. Алайда, оның басталуын 2018 жыл деп санауға болады, осы кезде ҚР **2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары мен «Ауыл – Ел бесігі»** салааралық жобасы қабылданған болатын. Жаңа өңірлік саясат экономикалық өсу орталықтарын дамытуға бағдарланған. Қаржыландыру перспективалы ауылдарды дамытуға ғана бөлінетін болады. Атқарушы

<sup>138</sup> «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің статистикасы» ұлттық жинағы – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Нұр-сұлтан, 2020. – Б. 180, 182.

<sup>139</sup> Аркин Д. Кредит на цифровизацию школ: деньги не потратили, государство ежедневно платит 458 \$ штрафа // <https://www.caravan.kz/gazeta/kredit-na-cifrovizaciyu-shkol-dengi-ne-potratili-gosudarstvo-ezhednevno-platit-458-shtrafa-662201/>

<sup>140</sup> 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы.



билік ауылдық елді мекендердің әлеуетін әлеуметтік-экономикалық даму мониторингінің көмегімен есептейді<sup>141</sup>.

«Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы аясында перспективалы ауыл трансформациялауына, қазіргі 6,5 мың ауылдан 3477 ауылды алу көзделуде. Жобаны қаржыландыру жыл сайын артып келеді, іске асырудың алғашқы үш жылдық кезеңінде 900 млрд теңге бөлінеді. Жалпы, 2027 жылға дейін ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған басқа да мемлекеттік бағдарламалармен бірлесіп қаржыландыру көлемі 2 трлн теңгеден аспақшы.

Бұл реформалар ауыл инфрақұрылымын жақсарту арқылы ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын өзгертуге бағытталған. Таяудағы 5-6 жылда ауылдарда жолдар, инженерлік желілер салу, ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт объектілерін қайта жаңарту және салу, соның арқасында жаңа жұмыс орындарын (130 мың) құру жоспарлануда<sup>142</sup>.

2019–2020 жылдары 300-ге жуық ауыл жаңғыртудан өтті<sup>143</sup>. Бұдан әрі ауылдық елді мекендер кластерлік әдіспен дамитын болады, яғни тірек ауылдар 10-15 км радиустағы оқшауландырылған топтар (кластерлер) үшін ресурс және драйвер болады<sup>144</sup>. Үкіметтің 2019 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есебінен «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде 53 ауылда 452 жоба іске асырылды. Ағымдағы 2020 жылы жаңа стандарттарға сәйкес 190 ауылда 800-ден астам жоба іске асырылуы тиіс<sup>145</sup>.

Салааралық жобаны іске асыру басталғаннан бері екі жылдан астам уақыт өтті, ал ауыл халқы ауылдар мен ШЖМ-ді жою туралы таңқаларлық ақпараттан басқа айтарлықтай өзгерістерді сезінбеді. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысының картасынан соңғы жылдары 38 ауыл жоғалып кетті, Егер 2017 жылы 673 ауыл болса, 2020 жылдың басында 635 ауыл қалды<sup>146</sup>. Осындай келешегі жоқ ауылдар жойылғаннан кейін де, түрлі себептермен тұрғындар сонда қалып қояды<sup>147</sup>. Біреулер қандай да бір игіліктердің болмауына қарамастан бүкіл ғұмырын сол жермен байланыстырып қала береді, басқаларының көшуге мүмкіндігі жоқ, өйткені үйін сата алмайды, ал жаңа ауылдарда жаңа тұрғын үй сатып алуға қаражаттары жоқ, әрі мұндай қысқартылған ауылдардан қоныс аударудың тиісті бағдарламалары қарастырылмаған.

Ауылдық ШЖМ-ға қатысты ағымдағы саясаттың күрделілігіне қарамастан, зерттелетін проблеманы шешудің негізгі тәсілдерін сипаттау маңызды болып көрінеді. Бұл ретте саясат нұсқаларының табыстылығының негізгі көрсеткіштері ретінде мынадай критерийлерге сүйену ұсынылады:

<sup>141</sup> Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.

<sup>142</sup> А. Мамин: реализация проекта «Ауыл – Ел бесігі» повысит качество жизни 7 млн сельских жителей // <https://primeminister.kz/ru/news/a-mamin-realizaciya-proekta-auyl-el-besig-povysit-kacestvo-jizni-7-mln-sel-skih-jitelei>

<sup>143</sup> Сыздықбаев А. Финансирование проекта «Ауыл – ел бесігі» бюджет увеличено // [https://www.inform.kz/ru/finansirovanie-proekta-auyl-el-besigi-budet-uvlicheno\\_a3582696](https://www.inform.kz/ru/finansirovanie-proekta-auyl-el-besigi-budet-uvlicheno_a3582696)

<sup>144</sup> Более 4 тысяч новых рабочих мест на селе бюджет создано в рамках проекта «Ауыл – Ел бесігі» в 2019 году // <http://government.kz/ru/news/press/bolee-4-tysyach-novyh-rabochih-mest-na-sele-budet-sozdano-v-ramkah-proekta-auyl-el-besigi-v-2019-godu>

<sup>145</sup> Правительство подвело итоги социально-экономического развития за 2019 год и поставило задачи на 2020 год // <https://primeminister.kz/ru/news/pravitelstvo-podvelo-itogi-socialno-ekonomicheskogo-razvitiya-za-2019-god-i-postavilo-zadachi-na-2020-god>

<sup>146</sup> В Северо-Казахстанской области осталось 635 сел // <https://pkzsk.info/v-severo-kazakhstanskojj-oblasti-ostallos-635-sjol/>

<sup>147</sup> Вайтович О. Села-призраки: жизнь североказахстанских деревень после упразднения // <https://pkzsk.info/sjola-prizraki-zhizn-severokazakhstanskikh-dereven-posle-uprazhdeniya/>; Притолюк П. Десятки деревень СКО скоро будут ликвидированы // <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2018-11/desyatki-dereven-sko-skoro-budut-likvidirovany>

- *Білімге теңдік қағидаты.* Барлық адамдар үшін сапалы білім алуға, оның ішінде АКТ-ға, кең жолақты Интернетке қол жеткізуге тең құқықтылық, теңдік.
- *Заңдылық қағидатын сақтау.* Білім берудің барлық деңгейлерінде нормативтік ережелерді міндетті түрде орындау (ҚР БҒМ – жергілікті білім беруді басқару органдары – мектептер).
- *Ашықтық және есептілік.* Білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі, білім беру мекемелеріне қызмет көрсететін өзге де ұйымдар қызметінің ашықтығы.
- *Саяси қолайлылық.* Қоғам үшін де, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлері үшін де қолайлы болуы.

### **Альтернатива 1. «Проблемаларды тану» (статус-кво)**

Жаңа ғасырдың екінші онжылдығының соңы Қазақстан үшін бір мезгілде маңызды және алаңдатарлық жағдайға айналды. 2018 жылы қазақстандық оқушылар білім беру саласындағы халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысты (TALIS, PISA, PIAAC және ICILS). 2019 жылы олардың нәтижелері жарияланды. Барлық төрт емтихан сәтсіз аяқталды. Халықаралық зерттеулердің негізгі нәтижелерін келтірейік.

Қазақстан тұрғындарының жартысынан көбі математика, оқу сауаттылығы және IT-құзыреттер (PISA, PIAAC, ICILS) күрделілігі бойынша, тек 1 және 2 деңгейді місе тұтады. Қазақстандық оқушылардың ақпараттық технологиялар саласында ең көп артта қалуы байқалады. Халықаралық зерттеуге қатысқан 14 білім беру жүйесінің ішінде, қазақстандық білім алушылар ең төменгі нәтижелерді көрсеткен<sup>148</sup>. IT-сауаттылықтың мұндай деңгейі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүргізілген басқа зерттеулердің нәтижелеріне әсер еткені сөзсіз.

**TALIS-2018** халықаралық зерттеуінің нәтижелері Қазақстан мұғалімдерінің ЭЫДҰ елдеріндегі әріптестерімен салыстырғанда ең көп жұмыс істейтіндігін анықтады. Қазақстандық мұғалімдердің негізгі мектептегі орташа жұмыс аптасы 48,8 сағатты құрайды, оның 15 сағатында ғана сабақ береді. ЭЫДҰ елдерінде орта есеппен мұғалімнің жұмыс аптасы 38,8 сағатты құрайды, оның 20 сағатын оқыту алады. Нақты оқытуға бөлінген уақыт қазақстандық мұғалімдерде 5 сағатқа аз, бірақ олар 10 сағатқа көп жұмыс істейді<sup>149</sup>.

16-65 жас аралығындағы ересектердің функционалдық сауаттылығы (**PIAAC**) бойынша алаңдатарлық нәтижелер байқалады. Жастардың дағдылары (25-34 жас) аға буынның (55-65 жас) дағдыларымен бірдей, тіпті кейде одан да төмен<sup>150</sup>. Бұл төмендік көрсеткіші, 25-34 жастағы азаматтардың 50% жуығында жоғары білімі бар, ал 55-65 жастағы адамдар арасында 27% жоғары білімі бар болған жағдайдағы айырмашылық. Бұл жалпы қабылданған, әрбір кейінгі ұрпақтың жоғары нәтижелі көрсеткіш нормаларына сәйкес келмейді. Біріншіден, бұл оқыту тәсілдерін өзгерту қажеттілігінің дәлелі. Екіншіден, дамыған

<sup>148</sup> Results of the International Computer and Information Literacy Study (ICILS) 2018 // <https://www.iea.nl/sites/default/files/201911/ICILS%202018%20infographics%20final%20release%205%2011%2019.pdf>; IEA International Computer and Information Literacy Study 2018 International Report // <https://www.iea.nl/sites/default/files/2019-11/ICILS%202019%20Digital%20final%2004112019.pdf>

<sup>149</sup> TALIS 2018. Results // [https://read.oecd-ilibrary.org/education/talis-2018-results-volume-i\\_1d0bc92a-en#page31](https://read.oecd-ilibrary.org/education/talis-2018-results-volume-i_1d0bc92a-en#page31)

<sup>150</sup> PIAAC. Казахстан. Ключевые результаты // [http://piaac.kz/mobile/PIAAC\\_CN\\_rus.pdf](http://piaac.kz/mobile/PIAAC_CN_rus.pdf)

елдердің білім беру жүйелері жалпы экономикалық дамумен қатар қарқын алып жатқан кезде, Қазақстанда экономикалық өсу білім беру сапасын арттырудан алшақ жатыр<sup>151</sup>.

Халықаралық зерттеулер нәтижелері, қалалық және ауылдық білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың елеулі дифференциалды айырмашылықтарын көрсетеді. **PISA-2018** нәтижелері қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының 22-ден 37 баллға дейінгі алшақтығын көрсетеді. Мұндай айырмашылықты білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйелері растайды. **ОЖСБ-2019** нәтижелері қалалық және ауылдық мектеп оқушылары арасындағы білім беру сапасының орташа есеппен 8 баллға алшақтығын көрсетеді.

**Білім беру сапасындағы халықаралық және қазақстандық зерттеулердің** нәтижелерін елемей, байқамау қиын, ал оның себептерін түсіндіру тіпті қиын. Сондықтан, өткен жылдарға қарағанда, ҚР БҒМ орта білім беру жүйесінде кешенді проблемалардың бар екенін мойындауда.

Проблемаларды мойындауға қарамастан, статистика өз ережесіне сәйкес қалыптасты. Мәселен, бүгінгі таңда интернет желісіне қолжетімділігі бар мектептердің үлесі 100%-ды құрайды, оның 55%-ы жылдамдығы 4 Мбит/с-тан асатын Интернетке ие<sup>152</sup>. Алайда, пандемия мен 2019–2020 оқу жылының 4-ші тоқсанында қашықтықтан оқытуға көшу жағдайды нақтылады. Әлсіз интернет онлайн-оқудан бас тартуға себеп болды.

Жаңа 2020–2021 оқу жылының қарсаңында мұғалімдер мен оқушыларды компьютерлік жабдықпен қамтамасыз етуде қосымша проблемалар туындады. Мәселені шешудің: оқушыларға мектеп компьютерлерін уақытша пайдалануға беру, республикалық және жергілікті бюджет есебінен жаңа жабдық сатып алу, Дүниежүзілік банктен қажетті жабдықты сатып алуға қосымша қаражат алу, демеушілік көмек және азаматтық бастамаларды қолдау, мұғалімдерге жеңілдетілген тариф және несие беру сынды бірнеше нұсқалары айтылды.

Яғни қашықтықтан оқытуға мәжбүрлі көшу, билікті білім беру саласын цифрландырудың барлық саясаты сияқты, 2020 жылға дейінгі ҚР Білім беру жүйесін ақпараттандыру Стратегиясының сәтсіздігін алдыға тартты.

## **Альтернатива 2. Мектептерді толықтай оңтайландыру**

Екінші сценарий ШЖМ желісін оңтайландыруды, оларды жабу және қаражатты қала мектептерін ресурстармен қамтамасыз етуге бөлу, сондай-ақ мектептер жанынан интернаттар салу, жақын маңдағы ауылдардан білім алушыларды тасымалдаумен қамтамасыз ету бағытын көздейді.

Әрине, мемлекет үшін ШЖМ-ды жабдықтап ұстау аса қымбатқа түседі: зерттеулер көрсеткеніндей ШЖМ-дағы бір оқушыға жұмсалатын үлестік шығыстар, қалаға қарағанда орта есеппен 2,5 есе жоғары. Ауылдық мектептерге талшықты-оптикалық интернет жүргізу де шығынды болып табылады, кем дегенде 1 км үшін жарты миллионға жуық теңге шығындалады. Сондықтан, мысалы бұқаралық ақпарат құралдарында ШЖМ-ды жабу туралы үндеулер жиі естіледі. Бірақ, сонымен бірге ШЖМ жою ел бюджетін үнемдеудің тек бірсәттік

<sup>151</sup> Копеева А. Взяться за ум: почему важны результаты последних исследований в сфере образования? // <https://ekonomist.kz/kopeeva/vziatsia-za-um/>

<sup>152</sup> «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің статистикасы» ұлттық жинағы – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Нұр-Сұлтан, 2020. – Б. 180, 182.

эффектісі болатынына назар аудару керек. Ұзақ мерзімді перспективада біз, мемлекет кепілдік берген орта білім алу құқығын пайдалана алмаған жас адамдардың армиясын қабылдауымыз мүмкін. Білімі төмен деңгейлі адамдардың жұмысқа орналасу қиындығы орын алады, ал тұрақты жалақысы барлардың, көбінде денсаулықтарына байланысты проблемалары шығады. Мұның бәрі әлеуметтік көмекке, денсаулық сақтауға және пенитенциарлық жүйеге зор шығындар алып келеді. Болашақта білім берудегі теңсіздік елдің тұрақтылығына қауіп төндіретін болады.

Кейбір сарапшы-эксперттер Қазақстанға Португалияның тәжірибесін игеру қажет деп есептейді. Оларда 2005 және 2008 жылдар аралығындағы кезеңде шамамен 2500 мектеп, негізінен ШЖМ жабылған. Кейін солардың орнына оқшауланған аудандардан келген балаларға арнап, тегін тасымалды мектеп кластерлері салынды. Бұл жағдай Португалияға 2015 жылы ЭЫДҰ-ның орташа деңгейінен жоғары сатысына шығуына мүмкіндік берді.

Білім беруде осындай «масштаб эффектісімен» отандық мектептерді де ұйымдастыру: ШЖМ мазмұнына, оларды АКТ-мен қамтамасыз етуге шығын жұмсамай, барлық ресурстарды қалалық мектептерде шоғырландыру, тек оқушыларды тасымалдауды немесе интернаттар салуды қамтамасыз ету ұсынылады. Айта кету керек, Португалия географиялық, табиғи-климаттық, сондай-ақ инфрақұрылымдық, әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларымен, бізден көп ерекшеленеді. Сонымен қатар, португалдықтар білім беру сапасын жақсартуға ең алдымен, мұғалімдердің біліктілік деңгейін арттыру арқылы қол жеткізгенін атап өткен маңызды. Ал білім берудегі «масштаб эффектісі» керісінше, теріс әсер етуі мүмкін. Білім алушылардың шағын топтардағы үлгерімі жоғары. Мысалы, АҚШ-та жасөспірімдер агрессиясының толқынымен күресу үшін, үлкен мектептерді шағын мектептерге реконструкциялау бағдарламасы енгізілген<sup>153</sup>.

Жеделдетілген урбанизация мәселесі және барлық мектеп-интернаттарды қалалық жерде шоғырландыру курсы, қазақстандық даму жағдайында тұйыққа тіреледі. Қазақстанда 2018 жылы білім берудің 560 интернаттық ұйымдары қызмет жасады. Оның 257 интернаттары жалпы білім беретін мектептерге қарасты болды<sup>154</sup>. Елімізде 2020 жылы 7340 мектеп, оның ішінде 2833 ШЖМ болғандығын ескерсек, онда болашақта сансыз көп интернаттар салу қажеттілігі туындайды.

Әрине, бұл таңсық тәжірибе емес. Кеңес заманында интернаттар білім беру мәселесін шешуге көмектесті. Бүгінгі таңдағы ең озық тәжірибе – бұл НЗМ және ҚТЛ (қазір – «Білім инновациялық лицей»). Алайда мұндай мектептердің бюджетін, қарапайым аймақтық мектеп-интернаттардың қаржыландыруымен салыстырудың мағынасы жоқ. Сонымен қатар, ақпараттық дәуірде, өкінішке орай, үлкен санды мектептерде де, интернат түріндегі мекемелерде де зорлық-зомбылық орын алатыны жасырын емес. Бұл құбылыстар ата-аналарды алаңдатады және олар балаларын отбасыларынан жырақ интернаттарға жіберуге сақтықпен қарайды. Солтүстік Қазақстан облысында «Уақытша отбасы» жобасы апробациядан, сынақтан өтуде, оның республиканың барлық өңірлеріне экстраполяциялану-тарқатуға толықтай мүмкіндіктері бар. Интернаттарға берілген альтернативалық, балама қаншалықты табысты болатынын уақыт көрсетеді. Әзірге мәселе ашық күйінде қалып отыр және балалар мен олардың ата-аналары үшін таңдау еркіндігі

<sup>153</sup> Нурбаев Ж. Е. Оставить нельзя закрыть. Есть ли будущее у малокомплектных школ // <https://vlast.kz/obsshestvo/31691-ostavit-nelza-zakryt-est-li-budusee-u-malokomplektnyh-skol.html>

<sup>154</sup> «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің статистикасы» ұлттық жинағы – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Астана, 2019. – Б. 82.

және сапалы білімге қол жеткізу құқығы проблемалары бар. Міндетті орта білім алмаған балалар санының көбею қаупі пайда болуы мүмкін.

Барлық ШЖМ-дерді, яғни ауыл мектептерінің басым бөлігін жабу саясаты, еліміздің ауыл тұрғындары үшін жағдайсыз болып табылады. Ауыл тұрғындары мұндай дамуға моральдық жағынан да, материалдық жағынан да дайын емес. Мәжбүрлі миграция «қараңғы урбанизация» сынды келеңсіз құбылыстың пайда болуына әкелуі мүмкін. Қала айналасында мұндай аудандардың көбеюі, бейресми және қылмыстық ортаға тартылудың көзі болып табылатын маргиналдар қатарын толықтырады<sup>155</sup>.

### **Альтернатива 3. Білім берудің институционалды инклюзивтілігі**

ШЖМ-ге қарасты мемлекет саясаты мен қатынасының айқындалуы, өсуге және білім беру сапасындағы жағдайды теңестіруге әлеуеті бар осал мектептер типіне қатысты болып табылады.

Аталған контекстегі инклюзивтілік белгілі бір әлеуметтік топтар аясында ғана емес, әлдеқайда кеңірек, қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени немесе өзге де сұраныстарын қанағаттандыру қажеттілігінен туындаған әлеуметтік институттардың өзара үйлесімді әрекеті ретінде қарастырылады.

Бұл вариантты іске асыру, орта білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты, сондай-ақ ШЖМ-де білім беру сапасын арттыруға бағытталған ұлттық бағдарламаларды, реформалау саясаттары және тұжырымдамаларымен ауылдық территорияларды және экономиканың агроөнеркәсіптік секторын корректировкалау / синхронизациялау болып табылады.

ШЖМ-де білім беру сапасын арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу кезінде, қандай да бір ауыл мектебіне қатысты барлық өзгерістерді ескеру қажеттілігі, бұл аталған саясаттың басты мәні болып табылады. Оларды салалық, салааралық және ШЖМ-ға тікелей қатысы бар деп бөлуге болады. Бүгінде салалыққа, білім берудің жаңартылған мазмұны бағдарламасын, «Орта білімді жаңғырту» жобасын, әкімшілік қайта құру, жан басына шаққандағы қаржыландыруды жатқызуға болады. Сыртқы факторларға «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы, өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі Бағдарламасы, салааралық «Ауыл – Ел бесігі», «Дипломмен – ауылға» және т.б. жобалар кіреді. ШЖМ-де жүзеге асатын реформалар қатарында, ресурстық орталықтар желісі – тірек мектептер, «мобильді мұғалім», «уақытша отбасы» сынды жобаларды атауға болады.

Үшінші сценарийдің ерекшелігі жүйелі және комплексті тәсілдердің қолданылуында. Ауыл территориялары барлық реформаларының өзара-байланысы мен өзара-ықпалдастығынан басқа, қандай да бір себептермен өз мақсаттарына қол жеткізбеген мемлекеттік бағдарламалардың тармақтарын талдауға баса назар аударылатын болады. Тиісінше, бұл ағымдағы жобаларды іске асыруға көмектеседі.

Бүгінгі таңда ресми және бейресми білімге қол жеткізу мәселесінде территориялық айырмашылықтарды ескеру маңызды. Ауыл тұрғындарының қосымша білім алуға сұранысы жоғары болатыны айқын. Мысалы, қала тұрғындарының репетиторлар қызметіне

<sup>155</sup> Нурбаев Ж. Е. Казахстан: неравная борьба за равенство в школе // <https://cabar.asia/ru/kazakhstan-neravnaya-borba-za-ravenstvo-v-shkole/>

